Жаркент Айнасы

№4 (48),
27 ақпан,
сенбі, 2021 жыл,
jar-aina@mail.ru

Қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық газет

ОРБҰЛАҚТЫҢ ОҒЛАНЫ

Белгілі жазушы, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Бексұлтан Нұржекеұлы 80 жаста

Бексұлтан аға дегенде, менің ойыма әлі күнге дейін сонау өткен ғасырдың 1969 жылы, өзімнің мектеп қабырғасында оқып жүрген кездегі балаң көңіліме қанат бітірген бір қуанышты сәтім орала кетеді. Сол кездегі кеңестік идеологияның «жас қайраты» – комсомол қатарына қабылдану үшін оның Жарғысының талаптарын күн-түн демей жаттап, онымен қоса «Аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Бексұлтан Нұржекеев» деп мүдіріп қалмау үшін сан қайталап, Жаркентке толқи-толқи барып ек. Ал, комсомолға қабылдансаң, мектептегі ең беделділердің қатарына қосылғаның. Не керек сонымен, ақ тер көк терге түсіп, Бексұлтан ағамыз бас болып, қабылдау өткізген екі-үш адамның сұрақтарынан сүрінбей өтіп, комсомол атандық. Үлкен бір өмір белесіне көтерілгендей бала көңіліміз буырқана асып-тасып еді сол күні. Есеюіміздің алды болып, алғырт көңілімде қалып қойған қуанышты күнім бірден есіме оралады дегенім сол. Арада бірер жыл өтпей-ақ ағамызды жазушылық қырынан тани бастадық

«Әдебиет – ардың ісі» деп өте дәл тауып айтылған-ау! Ал сол әдебиет майданындағы әр қаламгердің ардан аттамай, қай қоғам, қай жағдайда болмасын жоғары адамгершілік көзқарасынан ауытқып кетпей, қара қылды қақ жара білуі – асқан жанкештілікті қажет етеді дейтін болсақ, шын жазушының көтеретін жүгінің салмағының қаншалықты ауыр екенін бағамдай беріңіз. Бүгін міне жасы сексеннің сеңгіріне келіп отырған жазушы ағам Бексұлтан Нұржекеұлын мен шын мәніндегі әдебиет ардың ісі деп қарайтын талант иелерінің бірегейі деп батыл айта аламын. Бұл жөнінде үлкенді-кішілі қаламгерлер аз айтқан жоқ, аз жазған жоқ. Әлі де жазыла береді. Сонда да жазушының сөз жауhарына бір сәт көз жүгіртелік:

«Көп гүлден жазықтың үсті кілем жапқандай. Алуан гүлдің ажары айналасына сан сымбатты сәуле ойнатып, көп бояу мен құбылмалы нұр қыраттың үстін тап бір тойлы ауылдың көркіндей құлпыртады. Қоңыржай самал жазықтың өңін әп-сәтте әр саққа өзгертеді. Шалғыннның басын дамылсыз шайқақтатып, гүлдердің шоғы мен жапырағын сапырылыстырып жарқ-жұрқ аударады», – деп Аққайқыны суреттеуі, немесе:

«Әтіке тау басында ат шалдырым уақыт аялдады. Алыстан мұнартқан Алатауға, жыланның түлеп түскен қабығы құсап жылтырап жатқан Іле өзеніне ерекше мұңды сағынышпен қарады» деп туған жер табиғатының, әсіресе сол ауылдан шыққан біздерге етене таныс көріністерін бұлжытпай суреттеген жолдарын оқығанда балғын балалық шағымыздан шалғынына сан аунап өскен туған ауылды аңсап, бәріне қолды бір сілтеп тартып-ақ кеткің келеді. Әбілхан аға Қастеев бізге әр бұтасы, әр тасы таныс өлкемізді қылқаламмен бұлжытпай бейнелеп, көз алдымызға қалай әкелсе, Бексұлтан ағамыз шұрайлы сөзімен дәл солай шебер суреттеп жеткізді. Нені жазса да жан-дүниесімен тебірене жазатын, оқырманын ойға батыра жазатын Бексұлтан ағамыздың тарихқа қатысты шығармаларын да толқыныссыз оқуың мүмкін емес. Ел мен жер үшін қанды шайқас болып өткен Орбұлақ топырағына сан ғасырдан соң тағзым етіп тұрған Жекейдің ішкі толқынысын былайша жеткізеді:

«Ордың көмескі ізі бір сәт жотаның үстінен жүлгелеп аққан қан құсап кетті. Жүрек түкпірінен тұншығып, ышқына шыңғырған бір дауыс естілгендей болды. «Бізді неге ұмыттыңдар?! Бәрі сендер үшін емес пе еді?!» деген жазғыруды жан-дүниесімен сезіп, тұла бойы шымырлап қоя берді» («Жайлаудағы жиырма күн»).

«Шөбі емес, көгі емес, жердің сұлулығы тарихында екен ғой тегі», – деп ой түйгізеді аталған повесінің тағы бір кейіпкері Нұрлықожаға.

Егер бүгін әйгілі Орбұлақ соғысы болып өткен жер ғасырлар қатпарына көмілген біздің ерлікке толы тарихымызды танитын, тани отырып жігерімізді жанитын ең бір киелі де шежірелі мекенімізге айналып отырса, бұған әуелгі кезекте жазушы Бексұлтанның сіңірген еңбегі орасан.

Кеудесінде жылт еткен оты бар ұл,
Еліне арнар оқыған, тоқыданын.
Егілдің де үңілдің шын тарихқа,
Орбұлақтың уыстап топырағын! –

деп осыдан тұп-тура жиырма жыл бұрын Бексұлтан ағамыз алпысқа толғанда арнаған өлеңімде жазыппын.

Қанша көсілсе де шабысынан жаңылмайтын қас тұлпарлар болады. Сондай шашасына шаң жұқтырмайтын қас тұлпардың бірегейі екенін жасы жетпісті мол орталап қалған кезінде, 2016 жылы жазған «Әй, дүние-ай» романымен дәлелдеді. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығын алған осы шығармасында образын сомдаған Шәйінің 1916 жылдардан кешегі Тәуелсіздігімізге қол жеткізген 1991 жылға дейінгі кезеңдегі басынан өткізген өксікке толы өмірін баяндау арқылы бүгінгі ұрпаққа халқымыздың қандай азапты жолдардан өткенін жетесіне жеткізе жазды. Қаhарлы 1986 жылдың Желтоқсан оқиғасы кезінде алаңға барғаны үшін немересі Кәусеннің маңындағы қатыгездердің қорлығына шыдамай өлім құшуы, онсыз да кеудесі шерге толы Шәйіні қаусатып-ақ тастады. Енді көрмегенім осы ма деп күйіп кеткен кейуана кемпірдің «Көзімді ашқалы көргенім қорлық, енді міне сол қорлықты немерем көрді. Осылардан қорлық көру үшін жаралып па ек!»деген кекке толы ащы айқайын бүгінгі ұрпақтың құлағына жеткізе білді.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы. Басы өткен нөмірде)

ЖҮЗ ЖЫЛ БҰРЫНҒЫ ЖАРКЕНТ

(Жаркент уезі. 1926 ж. 01 қаңтардағы мәліметтер бойынша)

Ендігі кезекте Жаркент уезін мекен ететін жануарлар әлеміне қысқаша шолу жасаудың да реті келіп тұрған сияқты. Дегенмен арлы – берлі ойға салып саралап байқасақ өңірдің ажырамас бір бөлігі болып табылатын бұл сала аз зерттелгенге ұқсайды.

Тау – тас пен сайын даланы, өзен – көлдер мен құмды жерлерді мекендеген түрлі жәндіктермен бірге түз тағылары аталатын жабайы жануарлары да жетерлік. Мәселен, Іле Алатауының төменгі шөлді табиғат зонасынан бастап, суармалы егістік жерлерде, сонау жоғарыдағы альпі шалғыны мен мәңгі қар мен мұздықтар жатқан тау басын мекендеп өсіп, тіршілік етіп жатқан әр жануардың өзіне тән өзгешелігі болады. Шыршалы орманда бұғы, елік, сілеусіндер, ал, альпі шалғынында таутеке, арқар мен барыстар көптеп кездеседі. Сондай-ақ, жыртқыш аңдардан – бурыл аю Текес өзені алқабын мекендесе, Қаратау қойнауында ақ тырнақты Тянь-Шань аюлары бар. Жетісу Алатауында кәдімгі борсық, Текес жағлауларында тас сусары, қашқар сусары, және уездің шығыс, оңтүстік-шығыс бөліктерінде кәдімгі сасыққүзен, аққалақ, аккіс, Шарынның төменгі ағысындағы жағалауларында камшат тіршілік етеді. Балқаштың ит тұмсығы өтпес ну қамысын – жолбарыс, барыстар мекен етсе, сондай-ақ, Жетісу Алатауы мен Теріскей таудың шыршалы ормандарында сирек болса да тіршілік етіп жүрген мысық тұқымдасына жататын сілеусіндер де бар. Аталған аңдармен қатар уездің таулы, далалы алқаптарында: орман мысығы, сұр, қызыл қасқырлар, түлкі мен қарсақ және өңірдің оңтүстік-шығысында қара түлкі көптеп кездеседі. Іле өзені алқабының тау етектерінде көбіне түрлі шөптердің тамырымен қоректенетін жабайы қабандар табынымен жайылып жүреді.

Далалы жерлерде аз да болса сайғақтарға жолығасыз, ал, Іле өңірінде қарақұйрықтар топ-тобымен өріп жүреді. Биік таулы аймақтар мен орманды жерлерде – марал, арқар, тауешкі мен еліктер үйірімен тіршілік етеді. Текестің тоғайлы жерлерінің бәрінде қоянның неше түрі, саршұнақ пен бозсуыр, ақтиіндер өздерінің жарасымды тіршілік әрекетімен табиғаттың мәнін келтіріп-ақ тұр. Текестің жоғарғы ағысы мен Шалкөдесу аумағында жайра мен дала тышқандарының да түр-түрі мекендейді.

(Жалғасы 2-бетте)

ЖҮЗ ЖЫЛ БҰРЫНҒЫ ЖАРКЕНТ

(Жаркент уезі. 1926 ж. 01 қаңтардағы мәліметтер бойынша)

(Басы 1-бетте)

Жаркент өңірінің аспан көгіне сән беріп тұрған құстардың да жүздеген түрі бар, оның ішінде осы жерді тұрғылықты мекендейтін жергілікті құстардың ұзын саны 50-60 құрайды. Және де бұларға қоса бауырымен жорғалаушыларды есепке алар болсақ – жыланның, кесірткелердің, тасбақалар мен тритондардың, бақалардың да көптеген түрлері де осынау аумақтың барлық жерін қамтыған негізгі тіршілік иелері. Жоғарыда аспан, тау – тас пен құба түз даланың тіршілік иелеріне қысқаша сипаттама беріп өттік. Ендігі назар аударарлық мәселеміз Жаркент уезінің суларында тіршілік ететін балықтардың түрлеріне тоқталып өтсек.

Бұндағы өзен – көлдерде негізінен – алабұға, шабақ, мұртты балықтар мен форель, қарабалық, сазан тағы басқа біршама балық тұқымдастар тіршілік етеді. Және де ағашты жерлер, қопалы сулар мен батпақты қорыстарда қосқанатты жәндіктерден – маса, құмыты, шыбын, шіркейлер, егіндік, шабындықтарда шегірткелер мен инеліктер тағы басқа жәндіктер де тіршіліктің қара қазанын барынша қайнатуда. Іле алқабындағы едәуір аумақты алып жатқан бархан құмдарында омыртқасыздар мен буынаяқтылардан – бүйі, шаян, фаларг пен кене, қарақұрттар да молынан кездеседі.

Жаркент өңірінде сирек болса да жер сілкінісі болып тұрады, бірақ жер асты дүмпуінің қатты болмауы себебінен, қоршаған орта мен айнала тіршілікке елеулі әсер ете қоймайды.

ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ ӘКІМШІЛІК БӨЛІНІСІ

Жалпы алғанда Жаркент уезіне қарасты жұртшылық реттілік бойынша 8 болыстыққа бөлінген. Осы өлкенің құзырына қарайтын барлығы 175 елді мекен бар. Оның бірі уезд орталығы – Жаркент қаласы, одан басқа мекен жайларына қарай тарқатып көрсетер болсақ: 15 орыс келімсектерінің селосы, 66 бұратана елдер *(тараншы, татар, дүнген т.б.)* қонысы және 93 ауылдан тұратын көшпелі қазақтардың мекен жайы бар.

БАЯНҚОЛ БОЛЫСТЫҒЫ – жалпы жерінің аумағы 2218 кв.верст, халықтың өзара орналасу тығыздығы – 2,64 адамнан келеді. **Казак орыстары -** Нарынқол аңшылар мекенінде тұрады. **Келімсектердің** орналасу жағдайы: Айғыржал селосында Красноярскіден келген орыс мещандары тұрса, жергілікті жұрт – Орта Қақпақ, Үлкен Қақпақ жерлерінде, мәселен, көшпелі қазақ Жәменқенің бес ауылы да осы өңірді мекендейді.

БЕРКЕТПЕН БОЛЫСТЫҒЫ – аумағының көлемі 5910 кв.верст, 1 кв.метрге елдің орналасу тығыздығы – 3,24. **Тараншылар:** Кетпен болыстығына бағынатын ауылдарға: Ақтам, В.Очинхо, Б.Кетпен, Дардамты, Дубун, Дулаттар, Қойшы, Қосағаш, М.Кетпен, Диірмен, Сарыбұлақ, Удыты, Ұзынтам, Сұңқар, Нарынқол, М.Очинхо елді мекендері кіреді. Жергілікті **Қазақтар** тұратын аймаққа – Бөдеті жұрты *(7 ауылдан тұрады),* Қожмамбет *(1 ауыл)*, және Жартыбай ауылдары қарайды.

ИНТИФАҚ БОЛЫСТЫҒЫ – алып жатқан жері шамамен 6585 кв.верст. Халықтың орналасу тығыздығы әрбір 1 кв.метр жерге – 3,03 адам. **Казак орыстардың** тұратын бөлігі – Шонжы станицасы мен Қырғызсайда *(Подгорный).* Ресейдің ішкі аудандарынан келген **келімсектердің** орналасқан жерлеріне – Тасқарасу *(Богословское),* Қаратұма *(Петропавловское)* кіреді. Ал, қытайдан ауып келген **тараншылардың** келіп орнықкан аумағына – Шарын, Баянқазақ, Үлкен Ақсу, Кіші Ақсу, Османжүз, Дулаттар, Сегізек ауылдары жатады. Осы өңірдің ежелден бергі тұрғындары **Қазақтардың** мекені – Бірлік, Сүмбе, және де қазақтардың көшпелі тұрғындарына – Сартоғай *(4 ауыл)*, Қоңырбұлақ *(9 ауыл)* ауылдары жатады.

ҚОҢЫРӨЛЕҢ БОЛЫСТЫҒЫ – жалпы жер көлемі 3120 кв.версті құрайды, 1 кв.метрге адамдардың орналасу тығыздығы – 2,41 адамнан келеді. **Келімсектердің** орналасу реті: Қоңырөлең *(Вишняковская),* Аралтөбе селоларында, ал, жергілікті көшпелі Қазақтардың мекені – Бурақожыр *(6 ауыл),* Төгеректе *(6 ауыл)* және Қамысқора ауылдары.

ТӨРТІЛ БОЛЫСТЫҒЫ – орналасу аймағы 4342 кв.верст, халық тығыздығы орташа есеппен – 3,56 адамды құрайды. **Казак орыстары** – өңірдің Хоргос *(Николаевский)*, Басқұншы елді мекендерінде тұрады. Ауып келген **Келімсектер** – Лесное селосында *(Лесновка)*, арғы беттен шекара ауып келген **Тараншылар** – Аккент, Алтүй, Арөстең, Пенжім, Жыңғыл, Копек-юз, Мамаяр, Төменгі Пенжім, Розы – Мәмет, Мамыр, Садыр, Желтүз, Соконкент, Тұрпан, Құдияр, Надек, Базарбек, Нағарашы, Жиделік, Ж.Қонақай, Т.Қонақай, Ж.Шолақай, Көш, Мазар, Ж.Шыған, Суптай, Т.Шолақай, Ж.Тұрпан, Ж.Желтүз, Хаджимам, Чевуек, Қазаншы жерлеріне орналасқан. Ресейден келген басқыншы **Казак орыстар** ең шұрайлы жерлер – Шежін мен Тышқан селоларында тұрса, байырғы тұрғындар **Қазақ көшпелілері** мекенінің қатарында - Бәйтүгейге қарайтын 3 ауыл, Сатайлардан 3 ауыл болған екен.

ТҰЗКӨЛ БОЛЫСТЫҒЫ – белгіленген аумағы 2859 кв.верст, аумақтағы адамдардың орналасу тығыздығының орташа көрсеткіші – 4,86 адамнан айналады.

ӨСЕК БОЛЫСТЫҒЫ – шектеулі жер көлемі 4377 кв. верст. Халқының орналасу тығыздығының көрсеткіші әр 1 кв.метрге – 1,68 адамнан келеді. Келімсек **Казак орыстардың** көп бөлігі: Фрунзенское, Көктал (Голубевская) селоларында тұрады. Көшпелі **Қазақ ауылдары** – өздерінің байырғы атамекені Тоқарыстан (5 ауыл), Тұрдымбетке қарасты (6 ауыл) жерлердің аумағында орналасқан.

Қорыта айтқанда, Жаркент уезі жерінің бәріне шаққандағы *(қаланы қоспағанда)* халықтың 1 кв.метр жерге орналасу тығыздығының орташа көрсеткіші – 3,02 адамды құрайды. 1926 жылғы 01 қаңтардағы мәлімет бойынша **уездің жалпы тұрғындар саны – 105 706 жаннан** тұрады. Оның 55019-ы, яғни 52% ерлер, қалған 50687-і, демек, 48% – әйелдер болып келеді. Ал, қала тұрғындарының 1923 жылғы көрсеткішіне тоқталар болсақ: барлығы – 8076 адам, оның ішінде 4137-і ерлер де, одан қалған 3939-ы нәзік жандыларды құрайды. Ауылдық жердің жағдайына келсек: тұрғындардың жалпы саны – 97 630 адам. Бұлардың 50882-і ерлер да, 46 748-і әйелдер. Бұдан шығар нәтиже уезд халқының 92,3%-ын ауыл тұрғындары құрайтынын байқаймыз. Және де бұған қосармыз қала жұртшылығын бірге есептегенде отырықшылар санының көрсеткіші – 39 345 адам, демек 37,3%. Ал, бұндағы есебіміздің екінші жартысы ежелгі тұрғындарға жататын **көшпелі қазақтардың үлестік көрсеткіші – 66 361 кісіні құрайды,** яғни, өңір халқының басым бөлігі – **62,6% деген сөз**.

Енді барлық болыстықтардағы елдердің орналасу ретінің пайыздық көрсеткішін жекелеп көрсетсек: жалпы халықтың қала жұртымен қосып алғандағы төрттен бір бөлігі Төртіл болыстығында - 22,3%, екінші орын Интифак және Беркетпен болыстықтарына - 18,9% тиесілі одан кейінгі орында: Тұзкөл - 13,2%, Ақтоғай - 8,0%, Қоңырөлең - 7,1%, Өсек - 6,9%, Баянқол - 5,5% болыстықтары болып шығады.

Өздерінің байқап отырғандай әйелдерге қарағанда ерлердің үлес саны басым екендігі көрініп тұр. Демек, жоғарыдағы есеп бойынша әр 1000 ер адамға, 921 нәзік жандыдан келетіні анық көрсетілген. 1920 жылғы халық санағының нәтижесіне қарай бұлардың ішіндегі еңбекке қабілетті, жұмысқа жарамдыларын жекелеп көрсетер болсақ: ерлердің 18 – 60 жас аралығындағыларының үлесі – 48%-ды құраса, ал әйелдердің ішінде 16 – 55 жастағыларының - 50%-ы жұмысқа қабілетті екендігі анықталған.

Уездің ұлттық құрамының басым бөлігі: қазақтар мен тараншылардан тұрады. Бұл жерде Қазақтардың үлесі - 72,5% ал, тараншылардың сандық көрсеткіші үштің бірін құрайды. Ал, жалпы уезд бойынша алатын болсақ онда жалпы халықтың - 62%-ы қазақтар. Одан әрі жалғасақ:

1)Тараншылар (Узбеки из Восточного Туркестана) _____ 24,7%:
2) Орыстар (Великоросы, малоросы) ____ _____7,8%:
3) Дунгане (китайцы мусульмане) __1,2%:
4) Татары _____ 0,9%:

Жергілікті **қазақ ұлтының өкілдері** уездегі барлық болыстықтарда тең дәрежеде жан-жақты шашырай орналасқан, сонда да болса Тұзкөл болыстығы аумағынды үлес салмағы басымдау. **Тараншылардың** негізгі тұрақтанған жерлері – Беркетпен, Төртіл, Интифақ болыстықтары және де Жаркент қаласы адамдарының едәуір бөлігін құрайды. Ал, **дүнгендердің** түгелге жуығы Жаркентте де, азшылық бөлігі ғана Шарын, Интифақ болыстықтарында тіршілік етуде. Сондай-ақ, еуропалық нәсілге жататын – **великоросы, малоросы, татарлардың** түгелге жуығы Жаркент қаласында да, аздаған санаулы бөлігі – Көктал селосы мен Интифақ, Өсек, Төртіл, Баянқол болыстығына қарасты өңірде шашырап орналасқан.

Мектеп жасындағы жасөспірімдердің үлесін де қарастырара кеткенді жөн көріп отырмыз. Атап айтар болсақ, барлық уездің тұрғындарына шаққандағы 8 – 11 жас мөлшеріндегі балалардың 1926 жылғы үлесі - 11,2%, 1927 жылы - 10,9% болса, 1928 жылы бұл көрсеткіш - 8,9% кеміген.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Негізінен бұл өңірдің жергілікті **халықтарының ғасырлар бойы қалыптасып күнкөріс көзі болып отырған** кәсібінің түрі екеу: біріншісі – мал шаруашылығы, екіншісі – егіншілік.

1926 жылғы 1 қаңтардағы берілген деректері бойынша уезге қарасты 24,074 шаруашылық тіркелген. Оның 1703-і Жаркент қаласына тиесілі де, қалған 22,371 шаруашылық ауылдық жер меншігіне жатады. Ал, оның 14,763-і яғни, 65,98% көшпелі қазақ жұртына, қалған 7608 шаруашылық отырықшылар есебіне кіреді. Соның ішіндегі – 1451-і (6,48%) шаруашылық еуропа нәсілдік ұлыс өкілдерінің үлесінде болса, ал одан қалған 6157-сі (27,54%) бұратана халықтарға тиесілі болып келеді.

1917 – 1926 жылдар аралығында шаруашылық саласы көптеген өзгеріске ұшырады. Мәселен, аталмыш жылдары жаңа Кеңес үкіметі тарапынан болған қысым мен заңсыздықтар кесірінен көшпелі қазақтар шаруашылығы күйзеліске ұшырап, керісінше еуропа нәсілділер мен отырықшы бұратаналардың шаруашылығы көрсеткішінің өскенін байқаймыз. Қызылдар қырғынына шыдамай шекара асқан қазақтардың біразы байлығы мен мал – жанынан айырылып елге қайта оралғандары арасынан амалсыз ішінара көшпеліден отырықшылыққа ауысқандар да болды.

Жалпы алынған соңғы есептік мәліметтер бойынша уезд шаруашылығы 1917 жылмен салыстырғанда 1926 жылы - 75,8%-ға, сонымен қатар халық санының көтсеткіші 35,2%- ға өскен.

ЕГІН ШАРУАШЫЛЫҒЫ – жер өңдеп егін егумен көбінесе орыс келімсектері, бұратана диқаншылар мен ауылдың және қаланың біршама жұрты айналысады. 1917 жылғы жазылған деректерде жалпы уездің егіншілікке жарамды жерінің көлемі – 16,114 десятина. Осыншама жерді игерудің құрал – жабдықтары туралы мәліметтің жоқтығынан жер көлемінің одан әріге қанша артқаны жайында нақты жауап айта алмаймыз.

Ал, Румянцевтің берген мәліметтері бойынша, бүкіл уездің жер аумағы – 3, 328 389 десятинаға тең. Оның 437, 263 десятина бөлігін: тау – тасты, өзен – көлдер мен жолдар алып жатыр. Соның ішінде өңдеуге, шабындыққа жарамды жер аумағына - 2, 733 559 десятина жері жарамды деп көрсетілген. 1913 жылғы келтірілген деректер бойынша соқамен жыртуға жарамды жерлерге – 81, 855 десятина, жайылымға жататыны – 8, 386 десятина жер ал, жайлауға – 193,185 десятина, далалық аймақты – 2, 136803 десятина жердің құрайтындығы айтылған. Енді осылардан қалған – 313330 десятина аумақ Жаркент уезінің жер шаруашылығына жарамайтын, тіршілікке қолайсыз: құмды, батпақты, тастақты болып келеді.

Жалпы, Жаркенттік Су округінің топшылауына сүйенсек суармалы шаруашылықты дамытуда дәнді дақылдардың көптеген түрлерін 110,000 десятина жерге егуге әбден болады, оған барлық мүмкіншілік те бар. Кейбір құрғақшылық жайлаған жылдары жер өңдеушілікке жататын егістіктің бәрі суармалы әдіс арқылы жүзеге асады. Бұрындары мейнам *(жауын суымен егілетін бидайлар)* айдайтын болыстықтар енді тоған қазып амалсыз егіндерінқолдан суаруға көшкен. Қорыта айтқанда Жаркент уезінің жер өңдеу шаруашылығы нашар дамыған, оған дәлел алынған өнімдер бүкіл өңірді астықпен қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан жетпеген астықты Талдықорған уезінен сатып алып отырған.

(Жалғасы келесі нөмірде)

Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

(Басы 1-бетте)

ОРБҰЛАҚТЫҢ ОҒЫЛАНЫ

Белгілі жазушы, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Бексұлтан Нұржекеұлы 80 жаста

Ондағы жазушылық мақсаты – бүгінгі ұрпақты жасыту емес қайта олардың бойындағы намысты қайрап, досының кім екенін және дұшпанының кім екенін анық айыруына жөн сілтеу екені де көкірегінде сәулесі бар жанға түсінікті-ақ болса керек.

Жанын жақсы түсінген ең жақын досы, жазушы Төлен Әбдіков жайлы бірде Бексұлтан ағамыз:

«Төлен ешқашан еңбегіне лайық мақталған емес. Және бір ғажабы мақталмадым деп ешқашан өкпелеген де емес, – дей келіп, – оның принципі түсіну: ақылдыны да, ақылсызды да еркекті де, әйелді де түсіну... Өзгені түсінуге тырысу – мәдениеттіліктің шыңы» деп жүрекжарды сөзін арнапты. Сол мәдениеттіліктің шыңында қасқая қарап, Бексұлтан ағамыз да тұр деп бәріміз де риясыз көңілмен айта аламыз.

Қыспағынан қаймықпай, заманыңның,
Шырылдаған шындықты жаза білдің.
Бірісің-ау, санаулы жұлдыздардың
Біте қалған көгіне қазағымның!, – деп аяқтаппын жоғарыда аталған арнау өлеңімді. Енді бүгін абыз жас сексенге толып отырғанда айтарым:

Бек-аға, Сіздің басып өткен жолыңыз да ұзақ және осы ұзақ жолда Сіздің көргеніңіз де көп, көңіліңізге түйгеніңіз де өте мол. Әуелгі кезекте Сіздің халқымыздың басынан бірнеше ғасыр бұрын өтіп көмескіленген тарихи оқиғаларын жаңғыртып, ел жадына, бүгінгі ұрпақ жадына сіңіруге жанкештілікпен тер төге еткен еңбегіңіз ұшан-теңіз және оның бәрін де Сіз арзан атақ-даңқ үшін емес бар жан-тәніңізбен жалпақ жұрт санасына сіңіру үшін атқарып келесіз. Сізден өз замандастарыңыз да және артыңыздан ерген іні-қарындастарыңыз да қай істе болмасын ақыл-кеңес сұраудан жалыққан емес. Олардың елге пайдалы әр ісі, әр бастамасына Сіз де күш-жігеріңізді аяп қалған жоқсыз, мүмкіндігіңіз келгенше жолдың алыстығы мен ауырлығына қарамай өзіңіз бас боп бірге жүрсіз. Бұған бәріміз де куәміз.

Сіз жас кезіңізден-ақ, көнекөз қариялардан сыр тартып, жазылмай жатқан, ескерусіз қалып бара жатқан ел тарихы жайлы әңгімелесіп, қағазға түртіп алудан жалыққан емессіз және ел тарихы мен өнеріне байланысты деректерді талмай іздеп, архивтегі деректерге көз майыңызды тауыса үңілдіңіз. Бүгінде Сіз өзіңіз де біздер үшін кеудесі қазынаға толы қариямызсыз. Абыз ақсақалымызсыз! Өзіңіз туып өскен Жаркентіңізде мерейлі мереке немесе түйіні қиын мәселе туындай қалса да әуелгі кезекте ондағы ел-жұртыңыз Сізге жеткенше асығып, Алматыға ағылады. «Жалын» баспасындағы қызмет кеңсеңізге топырлай келіп, төбе биге жүгінгендей көңілдерін күпті еткен мәселенің түйінсөзін күтіп, Сіздің аузыңызға қарайды. Өз жұмысыңыздың қаурыттығына қарамай, бәрін ысырып қойып, олардың алаң көңілдеріне үміт сәулесін ұялатып, демеу боласыз. Сізге арқа сүйеп, ес тұтып әдеттенгеніміз сонша, есіңізге бүгін де тыным бермейміз. Сондықтан да бүгін ел-жұртыңыз болып тілейтініміз: арқа тұтар айбарымыз, ақыл сұрар төбе биіміз сізге Алла қуат берсін! Өзіңіз талай шығармаңызда әдемі бейнесі мен ішкі сұлу жан-дүниесін жүрек түбінен сыр етіп шерткен алтын жеңгеміз, жүзі қашан да жарқын жеңгеміз Айзашыңызбен балаларыңыздың, немере-шөберелеріңіздің ортасында көңіліңізден күн күліп, қашан да тың жүріп, қолыңыздан қаламыңыз түспей, аман-есен Жүзге жетіңіз!

Шаяхмет ОРАЗЫМБЕКҰЛЫ,
ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі.

ХАЛЫҚ СҮЙГЕН ҚАЛАМГЕР

Алпысыншы жылдары әдебиетке келген ұлы шоғырдың арасында жұлдызы айрықша жарқырап көрінген қаламгерлеріміздің бірі – Бексұлтан Нұржекеұлы.

Бексұлтан Нұржекеұлы – жазушы, тарихшы, зерттеуші, көркем сөзші, ең бастысы елін шын сүйетін халқының перзенті. Жер жәннаты Жетісуда дүниеге келген жазушы қазақтың арғы-бергі тарихын зерттеп, зерделеп, қазақ деген халықтың парасатын насихаттап, тыңбай еңбек етуде. Бексұлтан Нұржекеұлы 1941 жылы 22 ақпанда Панфилов ауданының Ақжазық ауылында туған. 1965 жылы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін бітірді. Оның алғашқы повесі «Кінәлі махаббат» 1968 жылы «Жұлдыз» журналында жарық көрді. Жазушының осы уақытқа дейін жазған барлық шығармалары 13 томдыққа кірді. Ол бүгінде «Жалын» баспасының директоры. Бексұлтан Нұржекеұлы Алматы облысының және Панфилов ауданының Құрметті азаматы, Қазақстан Республикасының «Құрмет» және «Парасат» ордендерімен, «Еңбектегі ерлігі үшін» медальдарымен марапатталған.

Жазушының «Күтумен өткен ғұмыр», «Ерлі-зайыптылар», «Жау жағадан алғанда», «Бір өкініш, бір үміт», «Кінәлі махаббат», «Өзендер өрнектеген өлке» т.б. көркемдік көрігінен шыңдалып шыққан шымыр да шұрайлы шығармалары оқырмандардың зор сүйіспеншілігіне бөленіп, әлдеқашан әдебиетіміздің алтын қорына қосылғаны белгілі.

Жазушы шығармаларындағы өзекті тақырыптың бірі – махаббат, ер мен әйелдің жан сезімі. Көкірек қатпарына терең бойлап, не бір нәзік діріл мен сырлы пернені дөп басқанына қайран қаласың. Шарпысқан құштарлық, қасіретті қимастық арқылы өмірдің қуанышы мен тағдырлар трагедиясын барынша шыншылдықпен бедерлейді. Осы сыршылдығына тәнті болған оқушы қауым оны «Қазақтың Мопассаны», «Махаббат жыршысы» деп тегін атамаса керек. Шын талант та гауһар сияқты, уақытқа түсін алдырмай жарқырай бермек. Сиясы кеуіп үлгірмеген әңгімелерін оқи отырып әйгілі жазушының жорғасынан жаңылмаған жүрдек қаламның қуатты серпінін аңғарамыз.

Қаламгер туған өлкесінің қадір-қасиетін жүрегімен сезініп жазады. Шалғынына аунап, асыр салып, суына түсіп, топырағын жалаңаяқ кешкен жердің тау-тасын, өзен-сайларын, қойнау-қолаттарын, бір сөзбен айтқанда, тамылжыған табиғат суреттерін көз алдыңызға келтіреді. Сөз саптау шеберлігі Бекеңнің үлкен суреткер деңгейіне көтеріле білгенін байқатады. «Жайлаудағы жиырма күн», «Жау жағадан алғанда», «Өзендер өрнектеген өлке» секілді толымды туындылары кешегі тарихымыздың жаңғырығы іспеттес. Бұлардан жас ұрпақ ұлттық патриотизмді үйрене алады. Кеңестік дәуірдегі идеолог басшыларға бұл шығармалардың ұнамау себебі де ұлттық рөннің басымдығында жатыр.

Жалпы, жазушының туған жер, өскен елге деген жүрек лүпілі әр сөзінен аңғарылып тұрады. Белжайлаудың тау-тасын, өзен-сайларын, қойнау-қолаттарын, яғни тамылжыған табиғат көріністерін көз алдыңа елестете суреттеп, сөз саптауы қаламгер шеберлігінің шыңы десе де болғандай. Кісілікті пікіріміз осындай ойға жүгіндіреді.

Бексұлтан қай шығармасында болмасын, әйтеуір ретін тауып адалдық, адамгершілік, сүйіспеншілік сынды адам бойындағы асыл қасиеттердің қыр-сырын ашып, толғана ой бөлісуге аса бейіл. Оқырман оны, әсіресе, «Бір өкініш, бір үміт», «Ерлі-зайыптылар» романдарын оқыған сәтте сезінері сөзсіз.

Жазушының тағы бір елге ерекше сіңірген еңбегі – ол туған жер тарихын тірілтіп, атақты Орбұлақ шайқасының шындығын ашып, сол оқиғаның 350 жылдығы республикалық деңгейде атап өтілуіне өлшеусіз үлес қосқандығы. Сондай-ақ, ақтаңгер ақын Мұқағалидың жарияланбаған өлеңдерін жинап, бірнеше жыр кітабын, артынша 4 және 5 томдық толық шығармаларын оқырман қолына тигізгендігі. Оның бер жағында ақынның мерейтойларын биік деңгейде өткізіп, оған ескерткіш орнатуға да аянбай араласқан адам Бексұлтан ағамыз. Осының бәрі жазушының жанқиярлық еңбегі емес деп кім айтар?!

Жалпы, жазушы көп мәселенің ортақ бір түйінін табуға аса тапқыр. Ол мысалы, «Күнәлі махаббатта» Зереннің қайғысынан көп әйелдің басынан өткізген қайғы-мұңын көріп, көпшілікке соның сыр-себептерін ашып көрсетуге асық. Бұл өзі өмір шындығын өнер шындығына айналдырудың сара жолы ғой. Айталық, бүгінде ерлі-зайыптылардың аралары суысып, ажырасулары жиілеп кетті. Олардың бұл жараспауы, бір-бірін ұғыспаудан туған шығыспау. Иә, оның арты ажырасу екені белгілі. Балаларын тірі жетімдер қатарына қосып, көңілдеріне өшпес қаяу түсіру. Бұл болса, жанды жауратып, өкініштің өртінде күйдіріп-жандырып, күйзеліспен күй кештіретін жазылмас жара, қайғы-қасірет. Ойраны шыққан отбасының осындай бақытсыздыққа душар болмасын ойлап, жан-жүрегімен жарыла сезім қылын тербеген жазушы Бексұлтанның шынайы шындықты ағынан ақтарыла жазған осындай шығармалары, әсіресе, жас ұрпаққа сабақ болса екен деген тілек қосамыз. Жазушының осынау ойлы туындыларының өнегесі өмірлік екеніне риясыз сенесің, оның көркемдік қуатына қоса көсемдік көрегендігіне дән риза боласың. Сол бір жастық дәуренде жүректерде жалындаған ғашықтықтың оттай ыстық сезімін сөндіріп алмаған, оны ғұмырбақи қастерлеп өткен ерлі-зайыптылар нағыз бақытты адамдар. Жазушының жүрегінде жұптаған, жұртшылықпен бөліскен сырларының түпкі түйіні осы.

Қазақ әдебиетінде Қазан төңкерісі қарсаңы мен кеңес өкіметі орнаған жылдар, одан кейінгі қилы кезең – арты үркіншілікке ұласқан ұжымдастыру науқаны мен ашаршылық нәубетінің қасыретін, ұлтымыздың бетке ұстар қайраткер азаматтарын қынадай қырған отыз жетінің зұлымдықпен әдейі жасалған зұлматының ащы шындығын шырқау биікке көтеріп жазылған көркем шығармалар некен-саяқ. Сол бір халық қасыретін ашып айтудың амалын таппай, ал тәуекел еткен бірлі-жарым қаламгерлер атылып, иә итжеккенге айдалып кеткендері де айдан анық ақиқат. Сөйтіп, көзбен көріп, бастан кешкендерін жаза алмай арманда кеткен жазушылардың кейінгі ұрпағы да кеңестік идеологияның – қитұрқы саясаттың құрығына ілінді. Бертін келе қысылып-қымтырылып, астарлап айтудан аса алмаған кітаптар жарияланып жатты. Әйтсе де, әлі де болса сол зұлмат замандағы халқымыз шеккен шексіз қайғы-қасырет жеріне жеткізіле жазылған жоқ. Осы орайда сол олқылықтың орнын толтырған толымды туынды жазушы Бексұлтан Нұржекеұлының «Жау жағадан алғанда» және «Әй, дүние-ай» романдары. Тарихи дәйекті деректерге сүйене жазылып, Жетісу өңірінде өткен алмағайып заманның айғақтарын барынша батыл, барынша әділ, барынша көркем бейнелеген екі роман да айрықша бағалануға тиіс шоқтығы биік шығармалар екенін айту оқырманның парызы.

Назым МАДЖИЕВА,
Панфилов ауданы, Алмалы ауылы.

ҚҰНДЫЛЫҚТАР КӨМБЕСІ

(Бексұлтан Нұржекеұлы шығармашылығындағы ұлттық құндылықтар)

Қазіргі кезеңде гуманитарлық ғылым салаларындағы ең өзекті идеялардың бірі – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар арқылы бәсекеге қабілетті адам тұлғасын қалыптастыру, оны рухани-адамгершілік тұрғыдан дамыту болып отыр. Яғни ғылымның, білім мен тәрбие берудің, өнердің аксиологиялық сипаты алғашқы орынға шықты. Әдебиетті – сөз өнері ретінде қарастырсақ, оның тек жеке дара адамды өзіне-өзін үңілте қарататын ғана емес, тіпті жалпы ұлтты өзін-өзіне құндылықтары арқылы таныта алатын, болмысын түйсінтетін қасиеті көрінеді.

Жаркент топырағының тумасы, қаламы қарымды қаламгер Бексұлтан Нұржекеұлының шығармашылығын дәл осы аксиологиялық тұрғыдан қарастырып көрсек, Мемлекеттік сыйлыққа ие болған «Әй, дүние-ай» романы ұлттық құндылықтардың көмбесі екенін байқаймыз.

Күллі қазақ оқырманы Бексұлтан Нұржекеұлын «Күтумен кешкен ғұмыр», «Бір ғана махаббат», «Ерлі-зайыптылар», «Жау жағадан алғанда», «Әй, дүние-ай» т.б. көлемді шығармалары арқылы жазушылық қырынан және «Өзендер өрнектеген өлке» атты тарихи-танымдық эссесі, Шыңғысхан, Орбұлақ шайқасы туралы т.б. баспасөз бетінде жарияланған мақалалары арқылы зерттеушілік қырынан да біледі.

Жалпы, қазақ әдебиетінде 1916 жылғы көтеріліс XX ғасыр басында-ақ көптеген ақындардың жыр-дастандарына, жазушылар шығармаларына, атап айтсақ, Мұхтар Әуезовтың «Қилы заман», Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу», XX ғасыр ортасында Асқар Сүлейменовтың «Бесатар» шығармаларына тақырып болса да, неге Бексұлтан Нұржекеұлы осымен тәмам деп тоқкөңілсімей «Әй, дүние-ай» романына да дәл осы 1916 жылығы оқиғаны арқау етіп алған деген сұрақтың туатыны заңды.

Егер М.Әуезовтың «Қилы заманында» 1916 жылғы Қарқара жеріндегі көтерілістің негізінен әлеуметтік мәніне назар аударылып, көтерілістің себептері мен оның қызған шағындағы халық батырларының әрекет үстіндегі кесек образдары сомдалса, С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуінде» 1916-1919 жылдар оқиғалары қамтылып, Солтүстік Қазақстан өңіріндегі көтерілісті көрген, оларға басу айтқан куәгер ретінде, автобиографиялық роман сипатында жазылған. А. Сүлейменов шығармасының көркемдік ерекшелігі айналдырған алты образдың көзімен (оның екеуі өзге ұлт өкілдері) 1916 жылғы 7-8 маусым күндеріндегі оқиғалар суреттеліп, Түркістан жеріндегі көтерілістің мәні ашылған. Кеңестік кезеңде жазылған шығармалардың идеологиялық цензурадан өткені анық. Ал Б. Нұржекеұлы шығармасының көркемдік уақыты сонау 1916 жылғы Жетісу жеріндегі Қарқара көтерілісінен басталып, Қазақстан егемендігін алғанға дейінгі кезеңді романның бас кейіпкері Шәйінің тағдыры арқылы қамтиды. Тәуелсіздік рухының әсерімен жазғандықтан болар, көтерілістің салдарын, жазалаушы отрядтың жауыздықтарын, халыққа тигізген зардабын ашына суреттейді.

Яғни қаламгерлер әрбір жаңа кезеңде ұлт басынан кешірілген қасіретке өз дәуірінің көзімен қайта қарап, уақыттың көркемдік принциптері тұрғысынан бағалауға талпыныстар жасайтынын көреміз. Оның үстіне Б. Нұржекеұлының туған өлкесінде болып өткен тарихи жайт туралы кезінде көнекөз қариялардан естіген әңгімелері, халықтың жадында сақталған аңыздар, мұрағаттан табылған көптеген деректер, ұдайы ізденіс, жазушының көркемдік кемелденген тұсы, оны осы тақырыпқа батыл қадам жасауға итермеледі деп ойлаймыз.

«Әй, дүние-ай!» романы басталған алғашқы беттерінен-ақ жеңгесі мен қайын сіңлісінің жарасымды қарым-қатынасына, қазақы салт-дәстүрді құрметтейтін, ибалы келіннің әрекеттеріне куә боламыз.

«– Сен зәлімсің! Сенсің оған мені әдейі көрсетіп жүрген, – деді қыз бұртиып.

– Ол – менің жеңгелік борышым, жаным. Себебі сен бақытты болмай, мына біз – әке-шешең мен аға-жеңгең – бақытты бола алмаймыз. Оны сен ақылың бар ғой, түсінуге тиіссің, Жібекжан», – дейді жеңгесі.

Романның бас кейіпкері Шәйіні «ат тергеу» дәстүрі бойынша жеңгесі лайықты есім беріп, «Жібекжан» деп еркелете атайды. Тілдік тұрғыдан, мұнда зат есімнің реңк мәнін тудырушы -жан жұрнағы экспресивтік, эмоционалдық сипат беріп, сөйлемнің функционалдық-семантикалық өрісінде «өзімсіну», «еркелету», «сыйлау» мағыналарын тудырады. Бір ауыз сөз – отбасылық сыйластықтың жарқын формасы ретінде көрінеді. Бұдан салт астарында жатқан «құрметтеу», «үлкенді сыйлау», «кішіге ізет көрсету» секілді ұлттық құндылықтар көрінеді. Дәстүрлі қазақ қоғамында бойжеткен мен бозбалаға ата-анасы тіке айтып түсіндіруге ыңғайсызданатын кейбір мәселелерді түсіндіру жеңгенің міндетіне енетін. Бұл туралы қазақтың үш мықтысы – Ақселеу Сейдімбек, Хангелді Әбжанов, Қойшығара Салғараұлының «Ұлттық идея: тарихи тағдыры мен болашағы» атты зерттеу еңбектерінде: «Халқымызда бала тәрбиесінен ешкім тысқары қалмайды. ...отбасы мектебінің тәрбие беру сатысы – ата тәрбиесі, әже тәрбиесі, әке тәрбиесі, шеше тәрбесі, аға тәрбиесі, жеңге тәрбиесі болып бөлінеді. ...Балалық шақтан қол үзіп, бой түзей бастаған бозбала мен бойжеткендер үшін ағайын-туыс арасында тетелес өскен аға мен жеңгеден артық ешкім болмайды. Әсіресе қайнысы мен қайнсіңлісіне еркелетіп ат қойып, ең жақын сырласына айналған жеңгенің орны да, жөні де бөлек. Өйткені ұл да, қыз да ешкімге айтпайтын жан құпиясын жеңгесіне ашады. Соған сай жеңгелері де қайнысы мен қайын сіңлісінің жаман атын шығармай, өнегелі азамат атанып, болашақ жарларын дұрыс таңдауына көмектеседі...» - делінген. Ежелден келе жатқан игі дәстүрлер отбасындағы береке-бірлікті нығайта түсіп, ата-бабаларымыз ойлап тапқан даналық пен ұлағаттың кейінгіге үлгі екенін көруге болады. Ең алдымен дәстүрдің тәрбиелік мәні ашыла түседі, яғни үлкендердің өмірлік тәжібиресі дәстүр арқылы кейінгіге зорлықпен таңылмай, табиғи түрде беріліп отырады. Сонда ата-бабаларымыз қоғамдық өмірді заңмен емес, салтқа айналған әдет-ғұрыппен, жөн-жобамен реттестіріп отырғанын көреміз.

Жер бетін мекен ететін барша адамзат үшін ең үлкен құндылық – өмір екені ақиқат. Қазақ халқы да әуелі адам өмірін қадірлейді, бірақ жаннан жоғары бағалайтын нәрселері де көп. Мәселен, «Таласқа түссе жан мен ту, жан емес маған керегі, көк тудың желбірегені», «Малым жанымның, жаным арымның садақасы», «Е, құдайым бала бер! Бала берсең, сана бер! Егер сана бермесең, қайтып өзіңе ала бер!» деп біраз нәрсе үшін жанды да құрбан етеді. «Әй, дүние-ай» романында ұлттың адам жанынан жоғары бағаланатын құндылығы – ұрпағы екені көрініс тапқан. Көтерілістің себебі де сол ұрпақ амандығы, ұраны: «Берсек – бала өледі, бермесек – шал өледі. Бала өлгенше, шал өлсін! Бала бермейміз!» деген уәж.

Өмірәлі қарт жалғыз ұлы Тазабекке: «...Бізді былай қойғанда, қазақ атаулы ертең жер бетінде қала ма, жоқ па, оны бір құдай білмесе, адам білмейді. Маған тез арада ұрпақ сүйгізбесең, бұл тірліктің бәрі бекер. Ел басына күн туды. Енді жайбарақат жүргенің – алдымен өзіңе жаулық. Әріден ойласаң, еліне жаулық. Осы бойдақ жүргенің де жетер, енді үйлен» деп жылдамдатып ертесі құда түсіп, тездетіп жастардың басын қосуға тырысады.

Қартайғанда бірдеңкеге ұшырап қалып жүрер деп қауіп қылып, бармай-ақ қойыңыз деген ұлына Тілеулі қарт та: «...Сені аман сақтау үшін мен өлсем, шәйітпін. Ата-бабамыз ежелден ұрпағы үшін өзін құрбандыққа байлаған. Ол дәстүрді бұзып, қарабет болар жәйім жоқ...» деп кесіп айтып, жәрмеңкені шабуға көппен бірге барады. Оққа ұшып жаралы жатқанында: « ...Кеше бар адам таңертең жоқ заман туды. Өмекеңнің аруағы разы болсын, кеудемде жаным барда құда болайық деген өтінішін орындап, екі балама аталық батамды берейін:

А, құдайым оңдасын!

Пайғамбарым қолдасын!

Дәм-тұздарың елден бөлінбесін!

Ұл-қыздарың ағайыннан ажырамасын!

Құдай бір-біріңе мейір берсін!

Қосақтарыңмен қоса ағаратын ғұмыр берсін!

Жазықсыз жаладан, мезгілсіз қазадан сақтасын!

Қазақтың бақытты болған күнін көріңдер!

Халықпен бірге өсіп-өніңдер! Әумин!» – деп батасын беріп Тазабек пен Шәйіні қосады. Қарап отырсақ, өмірінің мәні саналған ұрпағына бар жақсы тілегін жаудырып отырған осы батадан-ақ халық қадірлеген құндылықтар айқын көрініп тұр.

Басты мән беріле айтылған нәрселер ішінде «дәм-тұздарың елден бөлінбесін, ұл-қыздарың ағайыннан ажырамасын» деген ой арқылы бауырмалдық, ағайыншылдық, бірлік секілді құндылықтарды бөліп көрсетуге тұрарлық. Небір қиын-қыстау заманды басынан өткеріп, аштықты да, тоқтықты да, қудалау мен зорлықты көріп, сонда да

қажымай еңбектеніп, балаларын өсірген, оларды қанаттандырып, немере-шөбере көрген Шәйі сексен тоғыз жасында Қалимен бақұлдасып: «Бір-ақ нәрсеге көңілім тоқ: сенің немере-шөберелерің менің немере-шөберелеріммен туыстарша араласып келеді. Қазақтың бірлігі деген – сол. Екеуміздің еш кетпеген еңбегіміз де осы. Өзекті жаңа бір өлім – хақ. Қиналма! Қапаланба! Ез боп өмір сүрген жоқсың, аштықта да, тоқтықта да, қиналғанда да, қарық болғанда да елден бөлектенген жоқсың. Ұрпағың елдің бетіне именбей, еңкеймей қарайды!» деп көзін жабады. Мұнда да адам өмірінің мәні ұрпағыңның көзіне ақжарқын жүзбен тайсалмай қарай алуы, бауырмалдықтың, ағайындықтың алтын арқауын үзіп алмау екендігі дәріптелген. (Шын мәнінде, Қали Шәйіге туыс та емес, бірақ Тазабектің әлсізге пана болған мейірбан, азаматтық қасиеті арқасында олар туыстарша араласып, бірге септесе өмір сүрді, бірін-бірі бауыр көрді).

Орыстар үйін өртеп қастандық жасағанда «Басына күн туғанда ағайыннан артық қамқоршы жоқ екеніне Тазабектің көзі жетті. Көрпе, жастық, киім-кешек, төсек-орыннан жұрдай болған Тазабек шешесі мен әйелін қалай үйге әкетерін білмей дал еді, жағдайын естіген алыс-жуық жұрт үйге төсейтін текеметін де, жататын көрпе-жастықты да бәрін жарты күнде жиып әкеліп бергенде әрі риза болды, әрі таңқалды...» дейді автор. Яғни қиналған адамға жылу жиып беру секілді қазақ дәстүрі астарынан да бауырмалдық, ағайыншылық, мейірім құндылықтары көрінеді.

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі замандастарымыздың бейнесінен (тарихи шығармалар емес) қара басының қамын ойлаған, тасбауыр, безбүйрек кейіпкерлерді көптеп кездестіргенде, тіпті ағайынды адамдар бір бірінің үйіне шақырусыз бармайтын болған бүгінгі заманның кейіпкерлерін танығанда, ұлттық құндылықтар бағдары неге тым қатты өзгеріп бара жатыр деген ойға еріксіз тірелесің. Мұның барлығы халықтың өмір сүру формасының өзгеруінен деп жауап табу, тым оңай секілді. Рас, қазақ әрқашан қауымдасып өмір сүрген. «Қызға қырық үйден тыйым» салған. Бұл қырық үй ымдасып, ымыраласып өмір сүргенін көрсетсе керек. Қырық үй жабылып, бір үйдің жыртығын жамауға, жоғын бүтіндеуге тырысқаны. Яғни бөгде үйдің қызына тыйым салу үшін адамның моральдік құқы болғаны. Қоғамда болып жатқан келеңсіздіктерді жөнге салуға да, тентегін тыюға да моральдік құқық керек деген сөз бұл. Сонда, бір қарағанда адамдар арасындағы кішкентай бауырмалдық, ағайындық секілді қатынастар үзілген жерде өзге де үлкен бассыздықтар бой көрсетеді деп түсіну керек мұны.

Роман идеясындағы қастерленетін негізгі құндылық – тәуелсіздік. Жазалаушы отряд қуғанда Қытайға, Қытайға барған кезде қалмақтардың

езінен қашып, қайта елге оралмақшы болған, аштық пен қуғынның, жайсыздық пен жұттың азабына түскен, намысы тапталған, қорланған халықтың халі, біресе орыс, біресе қалмақтың зорлығын көрген қыз-келіншектердің аянышты тағдыры шынайы көрсетілген. Ешкімге жалтақтамайтын, өз тағдырын өзі шешетін ел болу деген ең аялы арманы жүректерінде сақталғанын, ұрпағын аман алып қалуға ниетін, сол жолдағы күрескерлік әрекетін, шынайы тарихты көрсететін қаламгер мұраты жас ұрпақтың көзін ашып, рухын қайрау секілді. Дегенмен, жығылғанға демеу болған, қызын күң, ұлын құл қылмас үшін, ел қамын ойлар ерлер де табылды. Солардың бірі – Тазабек. Шығармада оның моральдік-этикалық қасиеттері, әлеуметтік белсенділігі мен жауапкершілік сезімі, намысы арқылы биік адамгершілік-азаматтық образы сомдалған.

Романда көтерілісшілерді бастық деген желеумен жасалған орыс әскерлерінің небір жауыздықтары тәптіштеп суреттелген. Бұл сұрқия деректерді оқу оқырманға да оңай емес. Жазалаушы отрядтың істеген небір жан түршігерлік зобаландарын, айуандықпен өлтірілген анасы мен төрт баланың денесін көзімен көрген Тазабек, жағасын ұстап: «Бір атаның тұқымы осылармен тыйпыл болды ма, кім біледі? Бар қазақ қарсы болса да, әй, осы төртеуі ақ патшаның жарлығына қарсы бола қойған жоқ шығар?! Тіпті ақ патшаның, қара патшаның кім екенін де білмейтін шығар?!» - деп толғанады. Сонда талай адамның қанының нақақ төгілгені айдан анық көрінеді.

Көтеріліс кезінде аяусыз жаншу да болғаны, рас. Ал шындықты сол күйінде бүркемелеусіз жеткізгені үшін қаламгерлерді кінәлай алмайсыз. Мәселен, А.Сүлейменовтың «Бесатарында» да ондай сұрқия жайттар бар. Олар қолға түскен орыс офицерінің «Атқан мен емес» деп өтірік ақталғанында, «Мен. Сен атты, сен ошаққа жықты деп отырған мен бар ма? Атқан да, жыққан да мен... Қара ормандай сыңсып туған, сыңсып тұрған жұртпыз ғой: біз үшін бала зәру боп па. Марқұм әкейдің жалғыз қалған баласы, Рекең, баласы Нұрғазының оң қолын шынтағынан қайырып алдық та, қойдың қиы жайнаған жер тандырға аттық та жібердік. Біз үшін бала зәру, азамат зәру, жолдас зәру боп па – аттық та жібердік...» деп жазалаушылардың жасаған небір (шапқан, тандырға салып өртеген, аузына тапаншаны тақап оқ жұтқызған, жесірдің өңменінен тепкілеген) айуандықтарын тізіп, «соларды істеген сен емес, мен» деп кекесінмен, ашшы ажуамен, кеудені кернеген ызамен жеткізеді.

Екі жазушының да сұрқия жауыздықты көргендегі ой ағыны ұқсас, екеуі де ұрпақ, тұқым деген мәселелерге ойысады. Бұл әрине, екі мықты қаламгердің ойлау жүйесіндегі қисындылығымен көркемдік шеберлік межесіне қатар келуі секілді үндестік.

Жалпы, романда өмір, уәде, сенім, әділет, достық, махаббат, отбасы, қонақжайлылық, бауырмалдық, намыс секілді жалпы адамзаттық құндылықтар да оған қарсы мәндегі ұғымдармен салыстырыла суреттелген.

Роман соңында 1986 жылғы көтерілісте қаза болған Шәйінің немересі Кәусеннің өлімі туралы: «Кәусенді өлтірген – намыс. Орталықтан келген тергеушілер ол қызды әуелі зорлаған, содан соң қорқытып, қорлаған» деген шындықты журналисттен естіген Шәйінің жүрегі қысылып ауруханаға түседі. 15 желтоқсан күні көзін ашып, есін жиып, 16 желтоқсан тәелсіздіктің ақ таңы атқанын көріп, егемен ел болып жарияланғанын естіп, «Құд-дай бар екен ғой!» деп көз жұмады. Азаттық пафосы кейіпкердің соңғы демімен, соңғы сөзімен осылайша жеткізіледі.

Б.Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай!» романымен қатар бір жинаққа енген «Отыз екі», «Суретшінің көңілдесі», «Жартастан шал құлапты терең суға», «Құбылық», «Шыққан жан» атты әңгімелері адамдардың бір-біріне ұқсамайтын алуан түрлі тағдырларын суреттеуімен ерекшеленеді.

«Жартастан шал құлапты терең суға» әңгімесі мына замандағы ұлттық құндылықтар бағдарының өзгеру үдерісіне арналған. Егер Абай заманында:

«Етімді шал сипаған құрт жесін жеп,
Жартастан қыз құлапты терең суға», – деп қыз суға секірсе, бұл заманда ақша үшін арын сатып небір қитұрқылықтарға баратын қыз емес, керісінше қызға алданып аяғын шалт басқан шал жартастан құларлықтай болып, жан азабын басынан кешеді. Әрине, жалпы ұлттық нормаларға қайшы келетін бұл парадокс ирониялық модуста берілсе де өмір шындығынан бір мысқал ауытқымайды. Себебі ары үшін жанын садақа ететін кешегі қазақтың өзгеруіне бір жағынан сеп болып отырған ең әуелі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік емес, одан да сорақысы әлеуметтік әділетсіздік мәселесі де бар.

«Құбылық» әңгімесінде Дәулет деген адамның отыз бес жыл отасып, бес бала сүйгізген бірінші әйелін тастап, өзінен он бес жас кіші, үш баласы бар әйелмен бас қосқан өмірін баяндайды. Әрине, алғашқы он жылы тату-тәтті жақсы өткенімен, араларында жақындастыратын дәнекер болмағандықтан, екінші жарының «құбылық» іспетті баласы олардың отбасылық өмірін ойран етеді. Ақыры, құдасының үйіне қонаққа барғанда өз немересінің еш жатырқамай, тізесіне отырып еркелеуі, баладан тәтті бір ғажап иістің келуі, жары мен балаларынан ұялып, қысылуы, жүрек талмасына әкеліп соғады. Мұнда да қазақы тірлік үшін маңызды әр жастың өз қызығы уәж етілетіндей. Ұлттық түсінікте адам қартайған шағында құда, құдағидың сыйластығына марқайып, балаларының қызығын көріп, немерелерін тәрбиелеп, солардың тілеуін тілеп отырғаны жарасымды. Ал кейіпкер қазіргі батыстан келген «өмір адамға бір-ақ рет беріледі, өз қалағанымша сүрмесең, оның несі өмір?» деген келте түсінікке еріп, құбылық сезімдерге бой алдырып, алданып ақыры өкінішке ұрынып отыр.

«Шыққан жан» әңгімесінің де сюжеті өмірде көп кездесе бермейтін тосын оқиғалардың біріне, Қайран мен Үлдір атты ерлі-зайыптылардың өміріне арналған. Үлдір жас кезінде Қайранның көзіне шөп салады. Қайран екі баласын өте қатты жақсы көргендіктен де Үлдірмен ажыраспайды. Алайда, оны өмір бақи кешірмейді, бір шаңырақ астында тұрғанымен, өле-өлгенге дейін әйеліне емірене тіл қатпай, бір рет жақындаспайды, бір бөлмеде, бірақ бөлек төсекте жатады. Олардың өмірі үлкен психологиялық арпалысқа құрылған, сырттай барлығы жақсы көрінгенімен, отбасылық өмірлері жоқ, жақындық, жылулық жоқ, Қайран Үлдірді ар азабының абақтысына қамап жазалағандай, әуелі әйелі ауырып ауруханаға түскенде де, тіпті бақұлдасып соңғы сөзін айтқанда да күйеуінің көңілі бір жібімейді. Бұл туралы шығармада: «– Сенн... менні...оңдылмай жазаладың..., – деді жыламсырап... – Біл-ллақ балалалыма білділмегенің үшін ллаххмет! Өлген соң да айтпасаң, аллуағым, лиза.

– Айтпаймын. Бірақ біліп қой: сен де мені жазаладың, мен де саған бола он жеті жыл бойы отбасы бар, бірақ әйелі жоқ адам болып өмір кештім», – дейді. Әрине, қатал жаза. Осы оқиға арқылы жазушы ұлт үшін қастерлі ақ некеге адалдық, сезімге адалдық секілді адамгершілік құндылықты паш етеді.

Біз бүгін Бексұлтан Нұржекеұлы шығармашылығындағы ұлттық құндылық атты алтын көмбенің бір парасын ғана ақтардық. Шығармаларының көркемдік, философиялық қат-қабат астарында жасырынған әлі талай көмбені қазып алу келешек еншісінде.

Солтанаева Еркінгүл Молотқызы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты

Қаламның қуаты, сөздің киесі

Қазақ жұртына, жалпы жазу-сызудан хабары бар, әдебиетке ынтызар адамға Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Құрмет» орденінің иегері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Бексұлтан Нұржекеұлын таныстырудың өзі артықтау секілді сезіледі, маған. Өйткені, көзі тірі классикті білмеу – ыңғайсыз жағдай, әлбетте. «Күнәлі махаббат», «Күй толғақ», «Жау жағадан алғанда», «Күтумен кешкен ғұмыр», «Бір өкініш, бір үміт», «Бейтаныс әйелдің құпиясы», «Бір ғана махаббат», «Ерлі-зайыптылар», «Өзендер өрнектеген өлке», «Ақжазықтың адамдары», «Тауды жылатқан түн», «Беу, қыз дәурен!», «Әй, дүние-ай!», осылай кете береді...

2011 жылдың 1-шілдесіндегі «Қазақ үніне» берген сұхбатында Гүлнұр Досбол есімді жорналшының: « – Аға, сіздің туындыларыңызда әйел мен ер мәселесі кең қозғалады? Әйел адамның көңіл күйін, жан сезімін әйелден артық суреттемесеңіз, кем түспейсіз. Құпия болмаса, айтыңызшы мұның сыры неде?» – деген сұрағына, жазушы: « – Оның сырын әйелдердің мінез-құлқын, күюі мен сүйуін, құштарлығы мен қатыгездігін – бәрін айрықша ұнатып, айрықша бағалап жүретіндігімде. Әйел сырын өзі сенген адамға ғана ашады. Ал, әйелдің сырын білу кімге де болса оңай дүние емес. Сондықтан оған бойындағы барың мен біліміңді арнау керек», – деп жауап береді. Автордың «Суретшінің көңілдесі» әңгімесіне де әйел мен еркек тақырыбы өзек болғанды. Зақаш әріптестерімен бас қосып, отырыс қыза түсіп, сөз қатын-қалашқа қатысты қозғалғанда, ол еңгезердей қарамен ұстасып, арты төбелеспен тынады, қанаған мұрын, жырылған ерін, ажыратқан адам. Еркек мас күйі үйіне сүрініп-қабынып, сүйретіліп әзер жетеді. Қапшығын, оның ішіндегі ақшасын және сағатын жоғалтып алады. Ескі әдетіне басып әйелін боқтағаны я ұрғаны есінде емес, алайда бір пәленің болғаны анық. Көзін ашса жанында жан жары жоқ, сөйтсе көрші Көбестің үйіне кетіп қалыпты. Еркек «айнаның төменгі текпіршегінде тұрған әдемі қорап» ішінен француз әтірін тапқанда интрига күшейе түседі. Кім алып келді? Қайдан? Қашан? Неге? Бұғанға шейін де қатынын қатты қызғанып жүрген Зақаш мүлде күдікшіл, секемшіл боп алады. Ерлі-зайыптының екі ұлы, бір қызы бар. Отасқандарына, міне жиырма төрт жылдан асыпты. Әсем – жазушы, қос кітаптың авторы, жасы – қырық бесте, ал Зәкең – қатардағы қара жұмысшы, өз сыйын өзі кетірген жан. Оған мына штрих дәлел: «Аш бала әке сыйламайтын болса керек, кешелі бері екі ұлы бұған бір тіл қатпай қойды». Көп күттірмей Көбес те телефон соғады.

« – Ей, сен нағыз ит екенсің, енді білдім! – деді салған жерден. – Тап бір қатыныңды жайлауға жібергендей, мына жым-жырт жатысың қай жатыс? Бірдеме бар ма, жоқ па ана басында?

– Қатыны қашып кеткен адамның басында не қалушы еді? – деп әзілдей беріп еді, Көбес зірк ете қалды.

– Қыртпа! Ертеңнен кеш қалмай алдына жығылып кешірім сұрамасаң, айтпадың деме, Әсемнен сен біржола айырыласың!

Бұл аузын қайта ашқанша телепонды тастай салды.

Сөзіне қарағанда, Әсемнің біреумен байланысы барын бұл да сезген секілденді. «Әй, бәсе, бекерден-бекер қай еркек әтір сыйлай қоюшы еді?!». Бұрау салғандай ішін бүріп бара жатқан күйікті қалай басарын білмей аласұрады. Тап-тап беріп, әтірдің быт-шытын шығармаққа бірнеше оқталды. Ашу да емес, ақыл да емес, әлдебір белгісіз түйсік одан, әйтеуір, азар тоқтатты». Келесі күні Зақаш Көбестікіне барады. Үйдегілер ет асыпты. Асқа еркектің тәбеті шаппады. Ойы – қалайда қатынымен татуласу. «Әсем терезенің алдында теріс қарап тұр екен. Мұның кіргенін жауырынымен сезді. Бүкіл денесі жиырыла қалды. Соны көріп, Зақаштың аузынан сөз қашты. Ақырын келіп иығынан ұстады.

– Әскө! Әсөк! Менің иттігімді ақырғы рет кешір!

– Жиырма төрт жыл бойы сені ақырғы рет кешіріп келем. Жетті. Енді ажырасам! – деді жалт бұрылып.

Шын ажырасқалы тұрғанын түр-тұрпаты танытты. Танауы қусырылып, ерні дірілдеп, көзі бұған шақшия қадалды.Ештеңеден тайынбайтынын солай түсіндірді.

– Әскө, не істесең де өзің біл».

Әйел – ашулы, ренжулі, онысы орынды да. Білуінше, Әсемге әлгі әтірді «екінші кітәбіне суретін салған ағай сыйлаған» екен. Жасы – алпыстан асқан. Аты-жөні – Байтақ Нұрбергенұлы. Мамандығы – суретші, Халықаралық сыйлықтың иегері. Еркек оны жұмысына іздеп барады. Сол жерден әйелінің айнытпай салынған суретін көріп таң-тамаша болады. Жағдай ушығып, жанжал басталып, бәрі төбелеспен бітеді, заң қызметкері келеді. Әсем өзгерген. «Өйткені, кәзіргі Әсем бұрынғы Әсемге мүлдем ұқсамайды. Әуелгі күндері «ананы үйтші», «мынаны бүйтші» деп бірер сөз болса да тіл қатушы еді, бірер күннен бері мұны көзге ілмейді, үйде бар екенін де, жоқ екенін де елемейді».

Бір күні еркек тартпадан әйелінің ешкімге көрсетпей жүрген жазбасын тауып алады. Бұл да күмәнді қоюлата түседі. Содан үзінді келтірейік: «Бізді айырғысы келетін себеп мың да, жарастырғысы келетіні жалғыз-ақ: тек сезім. Жаныма тыным бермейсің. Мен сені жартылай жек көрем, өйткені сен үйреншікті өмірімді бұздың; жартылай сүйемін, өйткені сенсіз өмір сүре алмайтын сияқтымын. Құдай-ай, сені ойласам, сенен басқаның бәрін ұмытамын, сенен басқа жер бетінде адам да жоқ сияқты, сенен басқа менің уайымым да жоқ сияқты». Әлі де ештеңе анық емес, бұл – көркем шығарма ма, әлде біреуге жазған хат па, бұлыңғыр, сөйтіп Зәкең сенім мен үміт арасындағы түсініксіз күйді бастан кешеді. Әсем «операға бардым» деген уәжбен кештеу, сағат ондарда келетінді шығарды. Бүгін бұл жағдай бесінші рет қайталанып отыр, ол өзіне өте сенімді. Бір күні ерлі-зайыптылар моншаға жиналады. Сонда радиода істейтін жүзтаныс жігіт: «Бұл әйелді операдан, Әуезов театрынан бірнеше рет көрдім. Және ылғи әлгі «Сұлу әйел» аталатын әйгілі суретті салған кісінің қасынан көрем», – дейді. Ол жылдам жуынып, күйікті басу үшін дүкеннен ішімдік алып, оны түгеседі. Әсемнің алдынан шығып, аямай ұрады. Сөйтіп, қатын қайта үйден кетеді. Оныншы күні біреу үйіне келіп, есікті бірінші боп ашқан қызына хат қалдырады. Еркек оқиды... Сөйтсе: «Әсем ажырасуға арыз беріпті». Туынды басында еңгезердей қара айтқандай: «Соры қалың еркекке сөйтіп сұлу қатын жолығады». Әңгіме түйіні – осы. Автор бейтарап бағытты ұстанады, ешкімді айыптамайды, тек болған жайды ғана баяндап отырады. Негізі, кінә екеуінде де бар. Зақаш өзін адам ретінде бағаламайды, былай қарасаң көштен қалып бара жатқан жері жоқ. Алайда, арақ ішкені – ішкен, отбасына да мән бермейді, жұбайын жұдырықтап, ұрып-соғып, әбден ашындырып жіберген. Әйелді де ақтап алуға болады. Себепсіз қызғанып, тоқпаштап, берекесін алса, қай қатын шыдасын? Әсем десе әсем, көрікті, сұлу, бет біткеннің өңдісі. Ал, суретшінікі – ермек, өйткені отбасылы. Жазушы мұнда шаңырақтың қалай шайқалатынын, отбасының неліктен ойрандалатынын, адамның бір сәттік әлсіздігі немен тынатынын, ажырасудың басты себеп-салдарын ашып, сол арқылы Алаш жұртын қатерден сақтандырып отыр. Ұлттың көкейкесті мәселелерін көрсету – әр қалам иесінің абыройлы міндеті. Ой ойды қозғап, қоғамдық дәрежедегі өзекті дүниелердің көркемдікпен жадыға тоқып, санаға сіңіруіне, оқырманды тебірентуге себепші факторлар – біріншіден жазушының жанрды сәтті таңдауы, екіншіден тақырыпты игеруі, үшіншіден шеберлігі, төртіншіден стиль даралығы.

Жазушы Асқар Алтай 2011 жылдың 24-ақпанында «Ана тілі» гәзетінде жарияланған «Қаламмен кешкен тағдыр» мақаласында: «Сонау 1966 жылдың шіліңгір шілдесі... Сегіз дәптерге жазылған романға бергісіз «Күнәлі махаббат» («Кінәлі махаббат» деп өзгертіліп шыққан) повесінің қолжазбасын көтеріп, жас жары Айзашпен, жас сәбиі Ләйләмен бірге «Жұлдыз» журналына алып келген. Сонда Жазушылар одағында атандай болып алғаш жолыққан адамы – Мұқағали Мақатаев. Мұзарт Мұқаңның «ағалық алақанын әдебиет табалдырығын аттаған сәттеақ көрген» жас Бекең шығармашылық атты киелі ұстанымға, сөз жүйесі атты қасиетті ұғымға адал болып қалды» дейді. Қабырғалы қаламгердің әйел жанын терең түсінетіні таң қалдырады, оның ешкімге айтпайтын сырын, құпиясын нәзік суреттейді. «Сүліктей қара аттың аяңымен ойдан ойды қуып келе жатқан Ақан жігіт шағындағы бір өлеңін мырс етіп есіне алады:

«Кілтіңді алтын сандық ашқым келді,
Көңілді қапаланған басқым келді.
Ақ төсің Қап тауының қиясындай,
Өрмелеп сол қиядан асқым келді», – деп еді-ау, заман!».

Бексұлтан Нұржекеұлының «Отыз екі» атты шағын әңгімесі – Ақан сері турасында. «Биыл қыркүйекте, құдай бұйыртса, елу тоғызға шығады. Артында – жастық, алдында – қарттық». Оның тойға бара жатқан беті, астында – аты, қолында – домбырасы, аса құлықсыздау, дегенмен арадағы сыйластығы үзілмеген ақсақал: «Ақанжан, ағаңның тойын өзің мәртебелі етіп кет!» – деп шақырған соң ғана көңілін қалдырғысы келмегенді. Ауылға жеткен соң той иесі алдынан шығып, арнайы тігілген ақшаңқан үйге орналастырады. Ақсақалдың немересімен бірге ішке әдемі келіншек те еneді. Екеуі қымыз құйып беріп, қызмет етіп, асты-үстіне түсіп әлек. Енді, Ақандай адам бұл маңға күнде келе бермейді емес пе?! «Бала жігіт тегене қымызды төрге таман әкеліп текемет үстіне қойды. Келіншек орнынан қозғалмастан қарына ілген дастарқанды бала жігітке ұсынды. Ол оны Ақанның алдына жайып жатқанда, соқталдай екі жігіт: «Ассалаума-лике-ем!» – деп, ыстық бауырсақ пен бір астау етті ентіге көтеріп кірді де, дастарқанға жайлап қойып, қайта шығып кетеді».

Автор Ақан сері мен келіншек арасындағы байланысты тамаша баяндайды, дәл жеткізеді. «...Соны сезді ме, келіншек жаутаң етіп бетіне қарап еді, екеуінің көзі кенет түйісіп қалды. Ақанның жүрегі шым шаншығандай болды. Кірпігі кірпігіне сүріліп, көзі жыпылықтап кетті. Келіншек көзін төмен тайдырып, жанарын жалма-жан қайқы кірпіктерінің бауырына жасыра қойды». Жазушы әлгі әйелдің портретін былайша сомдайды: «Ақ сұрдан гөрі өңі аққа бейім, үлбіреген дөңгелек бет, ауызы оймақтай, жұқа ерінді, ұзын мойын, тамағы сәулені шағылыстырған айнадай аппақ, қара көзі тасбұлақтың суындай мөлдір, кірпігі қайқы, қап-қара қастары мүктей қою, маңдайы жазық, қабағы ашық, – титтей міні жоқ, тап-тұйнақтай». Тұр-тұлғасы келісті келіншек – жаңағы үйдің ортаншы келіні. Екі ұл, бір қызы бар. Жесір. Жасы – жиырма жетіде. Ақанды танитын, ол тойында ән салған боп шығады. Әйел өнерпаздан неге үйленбей жүргенін сұрайды, Ақан бұндай сауалды күтпесе керек, тосылып қалады. Туындының «Отыз екі» атануы осы жерде айқындалады және бұл екі жерде кездеседі. Алғашқы дерек әйел аузымен айтылады: « – Ұрқия әпкемізді жерлеп келгеннен кейін, отыз екі жасыңызда, қатты күйінген болуыңыз керек: «Енді үйленбеймін!» – депсіз елге. Сол сөзіңізден таймай, жиырма жеті жыл бойы үйленбей келесіз». Ал, екіншісінде жазушы мұны Ақанның ойы арқылы береді: «Ақсақал асантыннан ой түсіп: «Ақанжан, осындайда-осындай, осы келінімді сен ал», – десе, ойланбастан алар еді. Әттең, арадағы отыз екі жыл оны айтқызбайды-ау!». Кешқұрым ақсақал Ақан мен құда-жекжаттарын үйіне шақырып, қонақ қылады, сері түн ауғанша ән шырқайды, халықты тәнті етеді. Бір топ қонақ ішінде әлгі әйел де отырады. Композитор ойға шомып, оны аққуға теңейді, екеуі ән арқылы тілдеседі, үнсіз ұғысады.

«Бұл күнде ағаң болдым төр алдында,
Бір кезде Ақан едім аспандағы».

Ақан түн ауа түскен үйіне келеді. Сөйтсе, екі кісі сиятын төсек салыныпты... «Таңның іңір қараңғылығында тәтті ұйқыда жатқан Ақан әуелгіде түсі ме, өңі ме, аңғара алмады: айдын көлді қанатымен сипай ұшқан сыңар аққу тұптура өзіне қарай зымырап ұшып келе жатты. Көзді ашып-жұмғанша ұлпа жүні маңдайына тиді. Маңдайын алақанымен баса қойып еді, бір шоқ жүні жұлынып уысында қалды. Шошына көзін ашса, шынында да, дәл қасында аққу отыр». Бұл – арманда кетпес үшін Ақанды іздеп келген, өнеріне және өзіне тамсанған келіншек еді. Арада біршама уақыт өтеді... Өнерпаз әйел шыққан есікке ұзақ қарап тұрады, қайыра келеді екен деп тосады. Бірақ... «Апырмай, Ақанға құдай айырылудан өзге ештеңе жазбаған ба? Екі бірдей Бәтимәден, бір Ақтоқтыдан екі рет, үйленген Ұрқиясынан екі рет, тұлпары Құлагерден, құсы Қараторғай мен Көкжендеттен, құмайы Базараладан, Құлагерге шабатын шабандоз інісі Айбергеннен – бәрінен айырылды. Бүгін де, міне, тағы айырылды». Сөйтіп, лықсыған сезім селі ішке сыймай таңға жуық ән туады. Соны шырқаған Ақан шырт ұйқыдағы жұртты оятып жібереді.

«Шырмауық шығарында бас тартады,
Біздің ел ерте жайлап, кеш қайтады.
Ел қайтқан жайлауынан құла дүздей,
Көңілімді ұғатын жоқ қалқам тағы.
Ахоу, дүние жалған,
Өтті-ау арман!
Сұм тағдыр,
Шырмауықтай шырмап алған!».

Бұнда әрекет аз әрі локация да өзгермегенімен туынды – Ақанның сезімі, толғанысы, күйі жан-жақты суреттелуімен қызықты, сонысымен құнды. Ерекше айтуға тиіс нәрсе, біз екі түрлі ситуацияны байқадық. «Суретшінің көңілдесінде» – еркек қадірсіз, әйел – жеңілтектеу ретінде, «Отыз екіде» керісінше, еркек – сыйлы, құрметті, ал әйел – сырлы, кірпияз, мейірбан есебінде көрсетілген. Жазушы оқырманға мораль оқудан аулақ, «қалғанын ішің сезер» дегендей ой қорытуға мүмкіндік береді. Екі әңгімеде де жинақылық, тұтастық бар, ауа жайылған жері жоқ.

Биыл 80 жасқа толған Бек-ағаңа денсаулық, отбасына амандық, береке-бірлік, шығармашылық табыс тілейміз.

Әлібек БАЙБОЛ,
жазушы-драматург,
әдебиеттанушы.

ДАЛА ДАНАСЫНЫҢ БІРІ ЕДІ

«Халық айтса қалт айтпайды» деген ғой, өткен ғасырдың 1950-1985 жылдары аралығында Жаркент өңірінде «дала академиктері» атанған, ерекше тұлғалы ағаларымыз ауылшаруашылық өндірісін өрге бастырудың ерен үлгісін жасаған еді. Олардың озық орамды іс-қимылдары бүгінгі нарық ырғағындағы жеке шаруа қожалықтарында да таптырмас тәжірибе бола алады. Солардың бірі – біз өмірін жас ұрпаққа өнеге еткелі отырған, «Үшарал» ұжымшары басқармасының төрағасы қызметін ширек ғасырға жуық абыроймен атқарған, «Ленин», «Еңбек Қызыл Ту», «Октябрь Революциясы» ордендерінің иегері, «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері» Нүсіпбек Сауранбаев болатын.

Сол алыптардың басқарған шаруашылықтары шалқыған 20-ғасырдың 70-90 жылдары Жаркент өңірінің еңбекқор елі жыл сайын 16 мың тонна ет өндіріп, мемлекетке тапсыратын. Оның 7300 тоннасын құс еті құрайтын. Салыстырмалы түрде сипаттасақ, бұл мал өнімі сол кездегі Торғай, Маңғыстау сияқты кішігірім облыстардың мемлекетке бір жылда тапсыратын ет мөлшерімен парапар болатын. Мұндай жетістікке аудан егіншілерінің жүгері өндірісін өркендетуі көп көмек жасады. «Дала аруы» атанған бұл дақылдың дәні мен сабағы керемет құнарлы мал азығы екені ежелден мәлім. Күзде дәні жинап алынып, сабағынан ұшан-теңіз сүрлем бастырылып алынса да оның алқаптары көктемге дейін тақырланбайтын мал жайылымына айналатын. Сол кезеңде Панфилов аудандағы қатардағы жемдік тауарлы және сортты тұқымдық жүгері алқаптарының егістік көлемі 34 мың гектарға дейін кеңіген еді. Одан алынатын ұшан-теңіз табыс ауданның атағын бүкіл Одаққа әйгіледі. Осы деректер мен дәйектердің өзі-ақ сол кездегі ел мен жердің күш-қуатын «даланың данагөйлері» атанған аудан, шаруашылық басшыларының қарымды қарекеттерін айғақтайды.

Нүсіпбек Сауранбаев басқарған «Үшарал» ұжымдық шаруашылығында 1962 жылға дейінгі 600 гектар суармалы егістік жердің көлемі келе-келе сегіз еседен астамға ұлғайтылып, оның үш мың гектарына жыл сайын сортты және будан тұқымды жүгері өсірілді. Көктемде жерден жамырай өсіп шыққан жап-жасыл жапырағы көз ұшы жетпес алқаптарды теңіздей толқып жайнатып жібергендіктен оны халық «дала аруы» деп әспеттеді. Келбеті көркті осынау дархан өнімді дақылдан жыл сайын мемлекетке 140 мың центнерден астам таза дән сатты. Осы шаруашылық меншігіндегі 45 мың қой, ешкі, 4 мың ірі қара, мыңнан астам жылқы және құс фермасын құнарлы азықпен қамтамасыз етіп отырған да жүгері болғандықтан, еселі еңбекке жұмылған ауылдастар: «Біз үшін жүгері – ет, сүт, құт» деп ұрандайтын.

Айталық, өткен ғасырдың сексенінші жылдарының басында «Үшарал» ұжымдық шаруашылығы мемлекеттен көк тиын сұрамай, ауылда мәдениет ошақтарын салғызуға өз қорынан 11.5 миллион сом ақша бөліп, шаруашылық орталығы Үшарал ауылында көп қабатты 620 орынды мектеп, сауда орталығы, 400 орынды мәдениет үйін, 140 орынды балабақша, 40 адамдық монша, қонақ-үй, аудандық тұрмыстық қызмет көрсету комбинатының филиалын, екі қабатты әкімшілік кеңсесін, ауылдық амбулаториялық емхана үйін, 12 шақырымдық су құбырын және тағы басқа да әлеуметтік құрылыстар жасатыпты. Мұның сыртында сол тұста жыл сайын күрделі құрылысқа орта есеппен 1 миллион 200 мың сом төңірегінде қаржы бөлінетін. Егінші мен малшы еңбегін жеңілдету үшін жылда әртүрлі ауылшаруашылық техникалары көптеп сатып алынып, ұжымшарда машина трактор паркі жасақталды.

Әкесінен 4 жасында жетім қалып, балалар үйінде тәрбиеленіп, тіршіліктің тауқыметін көп тартқан Нүсекең ауыл жастарының шын жанашыры үлкен қамқоршысы бола білді. Олардың туған жерден қол үзбей, өз ортасының оңалуына, ауылдарының гүлденуіне қолғабыс жасауының сан түрлі жолдарын қарастырды. Сондықтан да орта мектепті тамамдаған соң бірден ұжымшарда жұмыс істеп, әскер қатарына шақырылған жастардың әрқайсысына шаруашылықтың қаржы қорынан жеке-жеке арнайы есеп-шот ашқызып, әскерде қызмет еткен әр айына 50 сомнан сырттай жалақы төледі. Олар екі жыл Отан алдындағы борышын өтеп келген соң жинақталған қаржысын қолма-қол алып қуанды. Ол кезде 1200 сом әжептәуір қомақты қаражат болатын, бұл ақшаға ауылда тәп-тәуір үй немесе жеңіл автокөлік сатып алуға жетер еді. Сол сияқты білім алам деп талпынған жастарды шаруашылық жолдамасымен жоғары және арнаулы орта оқу орындарына жібертетін.

Шаруашылықтағы жастар бригадасының шамшырақтары, қос механизаторы Болат Жүсіпов пен Бибінұр отау құрғанда жас жұбайларға Нүсекең жаңа салынған төрт бөлмелі үйді сыйға тартқан салтанатты сәтті ауыл тұрғындары әлі ұмытпай, ризашылықпен еске алып отырады. Осындай ауыл ағасының елге игілігі мен мол қамқорлығының шапағатымен ауыл жастарының басым бөлігі тұған жерінде түбегейлі тамыр жайып, тұрақтап қалды. Олардың арасында адал еселі еңбегімен абырой арқалап, ауылдастарының алды болған азаматтар қаншама десеңізші?! Мысалы, 1982 жылы 63 гектар алқапқа сұрыпты жүгері өсіріп, оның әр гектарынан 169 центнерден өнім жинаған сол кездегі жас жүгеріші Күлғайша Бердіғұлова облыста өндіріс жеңімпазы атанды. Сол жылдарда-ақ ерінбей атқарған еңбегі үкімет тарапынан жоғары бағаланып, жас жүгеріші К.Бердіғұлова «Еңбек Қызыл Ту» және «Құрмет белгісі» ордендерін кеудесіне тағып, елінің мақтанышына айналған болатын. Кейіннен Мемлекеттік сыйлықтың иегері атанып, жастықтың жалынымен бастап, үлкен абыройға кенелген ісін бүгінгі күнге дейін жалғастырып келеді. Қазір жүгеріші ана отбасымен құрған табысты үлкен жеке шаруа қожалығының жетекшісі. Сол сияқты осы шаруашылықта сол тұста еңбек еткен Нұртаза Әтейбеков, Кенехан Нұрғабылов, Құрмаш Кеңесбаев тағы басқа көптеген диқан мен малшы ерінбей, жалықпай атқарған еселі еңбегімен ел құрметіне бөленді. Кеудесіне ой түйткілі бар адам тіршіліктің тағылымын өскен ортасынан алады. Әңгімеміздің бастауында аттарын ардақтап атаған ағаларымыздың бәрі де өмір еркелетпеген күрделі кезеңдердің ұрпағы. Нүсекеңнің өмір жолы да қиындықтарға толы болды.

Анасы 1938 жылы Нүсіпбекті балалар үйінен шығарып алып Қоңырөлең ауылындағы мектеп-интернатқа орналастырып, осы жерде жетінші сыныпты тамамдаған соң өз жанына алып, шаруашылық жұмыстарына араласты. Ағасын 1941 жылы әскер қатарына алып, ол Қазақстанда жасақталған Панфилов дивизиясының құрамында соғысқа қатысып, Мәскеу түбінде қанды қырғында қаза табады. Ал жетім балалар үйінде қалған Намазбекті 1939 жылы Талғарға ауыстырған, одан әрі қайда кеткені белгісіз. Нүсекең соғыстан кейін де інісін іздестіріп, ешқандай дерек таппады.

Соғыс басталған жылдары Нүсіпбек Сауранбаев «Октябрь» мал шаруашылығының Айдарлыдағы сауын сиыр фермасында бақташы болып жұмыс істеп жүріп, шаруашылық жолдамасымен Лепсідегі мал дәрігерін дайындайтын бір жылдық курсты тамамдап келген. Оны 1942 жылы әскер қатарына шақырады. Иркутскідегі ұшқыштар даярлайтын училищеде оқып, алғашқы жылы ауырып, ота жасалған соң ауылына қайтарылады. Сол жылы әскери комиссариат қайта шақырып, Алматыға Ленинградтан көшіріліп әкелінген әскери зауытқа жұмысқа жіберіледі.

Соғыстан кейінгі жылдарда Нүсекең Қоңырөлеңде, Көкталда шаруашылықтардың өндірістік бөлімдерін басқарады. Ленин атындағы ұжымдық шаруашылық басқармасының төрағасы қызметін атқарып жүрген 1957 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» және «Бүкіл одақтық халық шаруашылығы жетістіктері» көрмесінің медальімен марапатталады. Бұл наградалар оған шаруашылықта клуб, ірі қара, тауық қораларын, еңбеккерлеріне 70-80 тұрғын үй салғаны және Өсек өзенінен электр стансасын салып, ауылдарға электр жарығын әкелгені үшін беріліп еді. Сонымен қатар, Ленин атындағы ұжымшардың экономикалық қуаты ауданда алға озды.

Қайда жүрсе де ауыл өндірісінде жаңалық жасап, халықты еңбекке жұмылдыра білетін басшы жоғарыдағылардың көзіне түсіп, 1963 жылы аудан басшыларының ұсынысымен шаруасы шатқаяқтап тұрған «Үшарал» ұжымшарын қатарға қосу оған партиялық тапсырма ретінде жүктеледі. Бұл шаруашылық ол тұста мемлекетке шаш етектен қарыз еді. Біз жоғарыда Нүсіпбек Сауранбаевтың бұл шаруашылықты қандай деңгейге көтергені жайлы біраз дерек бердік. Десек те, Нүсекең 2005 жылы 6 сәуірде 79 жасында дүние салғаннан кейін, өзімен кезінде еңбектес болған Талдықорған облысы партия комитетінің бұрынғы хатшысы, Алматы облысының Құрметті азаматы Ә.Ерсалиевтің, Панфилов ауданының бұрынғы басшылары С.Беспаев пен А.Тұрғанбековтың аудан әкіміне жазған ұсыныс хатындағы мына бір үзік естелікті келтіре кетсек, әңгіме арқауына салмақ қосыла ма дейміз. «Әлеуметтік жағдайы әбден төмендеген, қалың шеңгел мен қамысты «Үшарал» колхозын Республика көлеміндегі танымал миллионер шаруашылықтар қатарына қосты. Мал мен егін шаруашылығын дамытты, экономикасын тұрақтандырып, халқының әлеуметтік-мәдени тұрмысын жақсартты. Ауыл келбетті көріктеніп, Мәдениет үйі, мектеп, емхана, әкімшілік үйі, сауда орталығы, балабақша, кафе, 200-ден астам тұрғын үй, автопарк, МТМ құрылыстары салынды. Ауыл көшелері гүлзар бақтарға айналып, телефон, радио, электр желілері тартылып, халық театры жұмыс істеді», – деп көз көргендер оның есімін лайықты мәңгілеуді сұрайды.

Кезінде колхозшылардың бүкілодақтық екінші съезіне делегат болып, ұжымдық шаруашылықтардың жарғысын жасауға қатысқан тарлан, зейнеткерлік демалысқа шыққаннан кейін де ауылдастарына үлгі көрсетіп, ел тіршілігіне жаңадан енген нарық қатынасына да түрен салды. Ауылдағы балаларын қасына алып, шаруашылықтан өзіне тиесілі жерін, мүлкін бөліп алып жеке шаруа қожалығын құрды. Бұрынғыдай жүгері, көкөніс, көпжылдық шөп өсіріп сатып, береке тауып, қандай қоғам болса да ауыл адамның ырыс-несібесі жерден екенін тағы да дәлелдеді. Міне, туылғанына 95 жыл толған марқұм Нүсекең береке мен беделді адал еңбектен тапқан осындай дала данагөйлерінің бірі еді.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ,
Жаркент қаласы.

Еңбек еткеннің қашан да еңсесі биік

Бұған еңбектестерінің Тоқтарбай Керімқұловқа көрсеткен құрметі дәлел

Тоқаңды бүкіл Жаркент жерінде танымайтын жан жоқ десек, артық айтқандық болмас. Тіпті Талдықорған тарабы мен Алматы аймағында да аты-жөні, азаматтық ізгі де ірі іс-әрекеттері туралы әрдайым жылы лебіздер айтылып жатады.

Бұл әлбетте, тегіннен-тегін емес. Ол Алтыүй ауылында орта мектепті ойдағыдай аяқтаған соң, Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтын зоотехник мамандығы бойынша бітірген. Алматы облыстық мәслихатының I және II шақырылымдарының депутаты болып сайланған. Еңбек жолын Қазақстан ЛКЖО Панфилов аудандық комитетінің бөлім меңгерушісі болып бастап, одан соң осы органның екінші хатшысы, БЛКЖО Панфилов гарнизоны №48386 әскери бөлімі комитетінің хатшысы, «Қазан» қой кеңшарының бас зоотехнигі, халық депутаттары Қоңырөлең ауылдық Кеңесінің төрағасы, Калинин атындағы ұжымшардың партком хатшысы, төрағаның орынбасары, Панфилов дайындау кеңсесінің директоры, «Красный Восток» ұжымшары мен «Алматау» өндірістік кооперативінің төрағасы, «Шарын» мемлекеттік ұлттық-табиғи саябақ директорының орынбасары, Панфилов ауданы әкімі аппаратының басшысы, «Кеңес» консалтингтік орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің атқарушы директоры қызметтерін атқарды. Иә, сөйтіп, бастапқыда комсомолдың қазанында қайнап, бұдан кейін мамандығы бойынша мал шаруашылығын күйттеген. Сонан соң селолық Советтің «суын ішіп», партияның «пешінде піскен». Шикілі-пісілі шақтан өтіп, шыныққаннан кейін дербес мекемелер мен шаруашылықтарды басқарып, жұмыстарын дүрілдетті. Арада біраз уақыт Табиғат-Ананың құшағында тербеліп, аң-құсын, тал-терегін түгендеді, алтын іздеп, тау-тасын дірілдетті. Аудан әкімі аппаратына басшылық етіп, шенділермен шендесе, бұқарамен біте қайнаса қызмет қылды. «Жеті рет өлшеп, бір-ақ кесетіндіктен» өз ісіне әрдайым сенімді болды. Әсіресе, елдік мәселе сын тезіне түскенде ешқашан енжар қалған емес. Кесек сөйлеп, кесіп тастайды. Тура тартып, турап жібереді.

Өндірісті өрге сүйреп, ұтқыр ұйымдастырғыштығымен танымал болған Тоқаңның әдебиет пен мәдениетке де қашан да бір бүйрегі бұрып тұрады. Өнерді, өнерпаздарды үнемі бағалай-құрметтей білетін зиялылығын да жұртшылық жақсы біледі. Сезімтал да сұңғыла қалпы мен ақжарқын да әзілқой мінез-құлқына орай ма екен, тілімен құс қайырған ақын-жазушы да, есімі елге әйгілі әнші-әртіс те әйтеуір бұған үйір.

Өзі де әсем әуенді беріле тыңдап, жақсы жырды тұшына оқиды. Көңіл хошы келгенде «Тобылғы сайдан» тартып «әу» деп қоятыны да бар. Ал орайы келгенде орып жіберетін сөз саптауы мен қалт еткенді қағып түсер қырғы тілі ширыққанда тіптен уытты. Табан астында тауып айтатын күлкілі әзіл-қалжыңы болса, көңіліне шуақ шашып, жаныңды жадыратады.

Тоқаң ақырғы жеті жылдың ауқымында Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитеті шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қазсушар» мемлекеттік республикалық қазыналық кәсіпорны Алматы филиалы Панфилов өндірістік учаскесінің басшысы болып қызмет етті. Қанына сіңген қасиеті бойынша мұнда да қарқынды қызмет етіп, тұралап жатқан мекемені аяғынан тік тұрғызды десек те болады. Бұл мекемені 18,8 миллион теңге қарызымен қабылдап алып, бірер жылда облыс қана емес бүкіл республикадағы алдыңғы қатарлы су шаруашылықтарының қатарына қосты. Мекеменің қарызы төрт жылдың ішінде толық жабылып, ақшаны тиімді жұмсау арқылы түскен 180 миллион теңгеге 2 тиегіш, 2 эксковатор, 1 КамАЗ, 1 кран, 3 «Нива», 8 мотоцикл сияқты қажетті техникалар алынған. 465 миллион теңгеге «Тышқан» гидроқондырғысы және 169 миллион теңгеге «Шежін» гидроторабы күрделі жөнделіп, «Өсек» гидроторабына қарасты өзен жағалаулары 83 миллион теңгеге жасалған. 2016 жылы мекеме теңгеріміне алынып, тиісті жұмыстары талап деңгейінде тындырылған «Шежін» гидроторабы арқылы бұрынғы 500 гектардың орнына қазір 2000 гектар егістік суарылуда. 2019 жылды Алматы облысындағы тоғыз аудан арасында тек Панфилов өндірістік учаскесі ғана таза табыспен тәмамдаған. Бүкіл облыс көлемінде берілген 1,1 млрд. текше метр судың 42 млн. текше метрін осы мекеме қамтамасыз еткен.

Сөйтіп, еңбекпен етене өскен Тоқаң осыдан бір айдан астам уақыт бұрын ғана тура Жаңа жыл мерекесі қарсаңында ақсақалдық жасқа жетіп, құрметті еңбек демалысына шықты. Аудан басшылығы бүкіл активтің алдында ауқымды сый-құрметін жасады. Ал өзі басқарған мекеме еңбеккерлерінің қошаметі тіптен тәнті етті. Әрине, шапан жауып, ат мінгізу – ежелден еншілеген дәстүріміз ғой. Әйтсе де, екінің біріне мұндай ілтипат көрсетіле бермейді. Әсіресе, кеше ғана билігін жүргізген басшы атаулыға. Бірақ, бұл тұрғыда Тоқаңның мерейі тіптен үстем болды. 2020 жылғы 23 желтоқсанда мекеме ғимаратында ҚР ЭГТРМ СРК «Қазсушар» ШЖҚ РМК Алматы филиалы директорының экономика жөніндегі орынбасары С.Құдайбергенов, директордың кеңесшісі А.Сейдігалимов және кадр бөлімінің басшысы Д.Абдрахмановтың қатысуымен үлкен салтанатты жиналыс өтті. Осы басқосуда дәстүрлі сый-сияпаттарына қоса бүкіл ұжымның ортақ ой-пікірін тұжырымдап айтқан мекеме басшысының орынбасары Юлдаш Беширов тың ұсыныс жасады. Баршаға белгілі, ауданымызда Киров атындағы канал бар. Ұзындығы – 23,5 шақырым. 2018 жылы Тоқаңның басшылығымен оған күрделі жөндеу жүргізіліп, су өткізу қуаты 4,3 текше метрге жетті. Қазіргі таңда жаркенттік диқан қауымы осы су арнасы арқылы 2044 гектар егістігін ылғалдандырып, ел игілігін молайтып отыр. **«Жазиралы Жаркентіміздің ырыс-берекесін еселеп арттырып тұрған осынау каналды ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына, оның ішінде әсіресе, су шаруашылығына зор еңбек сіңірген Тоқтарбай Керімқұловтың есімімен атауды ұсынамыз!»** деді ол әріптестері атынан.

«Халық қаласа, хан түйесін сояды» деген. Ел-жұрт ер-азаматтың ерен еңбегін елеп, ұсыныс айтқан екен. Естір құлаққа жетіп, іске асса нұр үстіне нұр болар!

Әділ АЙТҚАН

АДАЛДЫҚ ЖОЛЫНАН АЙНЫМАЙЫҚ

2021 жылдың 3 ақпанында Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің бастамасымен «Парасат жолы» жобасы салтанатты түрде таныстырылды. Іс-шараға Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктің төрағасы Алик Шпекбаев, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова және қоғам қайраткерлері мен дін өкілдері қатысты.

Өткен жылдың тамыз айында Антикор Ұлттық академиялық кітапхана базасында ғылыми және шығармашылық зиялы қауым өкілдерімен, көрнекті мемлекеттік және қоғам қайраткерлерімен тікелей эфирлер ашты, онда олар адалдық, әділеттілік және парасаттылық қағидаттарын ілгерілетудің маңыздылығы туралы айта келе, халық арасында кеңінен таралған мұндай кездесулер сыбайлас жемқорлыққа қарсы азаматтық бастамалардың өзіндік «фабрикасы», жастардың белгілі ақындармен, жазушылармен, ғалымдармен, мемлекет және қоғам қайраткерлерімен кездесу орны ашылды.

Парасаттылық идеологиясын насихаттау мен ілгерілетудің маңыздылығын ескере отырып, кітапханалар базасында «Парасат жолы» филиалдарын жаппай ашып, елордалық тәжірибені еліміздің барлық өңірлеріне тарату туралы шешім қабылданды. Кездесуге қатысқан ғылыми және шығармашылық зиялы қауым өкілдері бүгінде ашық орталықтар ел игілігі үшін игі идеялар мен бастамалардың тартылыс нүктелеріне айналатынына зор үміт білдіре отырып, іс-шара барысында Алик Шпекбаев пен Ақтоты Райымқұлова екі ведомство арасындағы өзара ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды.

Ал 10 ақпан күні С.Сейфуллин атындағы Алматы облыстық кітапханасында Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің арасындағы өзара ынтымақтастық кездесу өтті.

Ынтымақтастық кездесу барысында Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Марлен Көлбаев және ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Жандос Жұмабаев «Парасат жолы» жобасының мәні мен маңызына тоқталып, Алматы облысының әр өңірінде аймақтық орталықтардың ашылуына тапсырма берді.

Осыған орай 17 ақпан күні «Панфилов ауданы әкімінің аудандық кітапханасы» мемлекеттік мекемесіне қарасты 26 кітапханада «Адалдық алаңы» жобасы аясында 3 «Парасат жолы» орталығы, 22 бұрыш ашылды. Жаңа орталықтардың жұмысы – адалдық, парасаттылық қағидаттарын қалыптастыруға, ұлттық мәдениет пен руханият құндылықтарын ілгерілетуге ықпал ету.

Тұңғыш Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Сыбайлас жемқорлық – бұл ғаламдық мәселе, одан әлемнің бірде-бір мемлекеті, бірде-бір саяси жүйе, бірде-бір саяси тәртіп қорғалған емес. Сондықтан, бұл індетке бірлесе қарсы тұруымыз керек»-деп айтып өткеніндей жемқорлардың көбейіп бара жатқандығының бірден-бір себебі – адамдардың кітап оқуға деген құлшынысының жоқтығы. Парасаттылыққа, адалдыққа үйрететін құрал – ол кітап». Кітап оқыған көзі ашық адам әдебиет және руханиятты негізге ала отырып келелі әңгімелер арқылы қоғамда парасаттылық идеологиясын қалыптастырып отырады. Адам бойындағы парасаттылық арқылы жемқорлыққа қарсы мінез-құлықтың үлгісін қалыптастыруға, адамгершілік нормаларын сіңіру бағытында Панфилов аудандық кітапханасы осығанға дейін біршама жұмыстар атқарды және болашақта да атқара бермек.

«Парасат жолы» жобасының негізгі үш тірегі – өзара түсіністік, құрмет пен сенім болғандықтан Панфилов аудандық кітапханасы алдағы уақытта «Адалдық алаңы» жобасының «Парасат жолы» орталықтарында жастарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасын қалыптастыру және адалдық, парасаттылық, әділдік, сенім қағидаттарын ту етіп ұстау мақсатында ауданымыздың зиялы қауымымен бірге студенттер мен оқушылардың қатысуымен түрлі сауалнамалар, дебаттық сайыстар, челлендждер және пандемияға байланысты белгілі адамдармен тікелей эфирлер, жастарға дұрыс бағыт беретін әңгімелер, дөңгелек үстелдер, ұжым арасында «Біз жемқорлыққа қарсымыз!» тақырыбында түрлі тренингтер мен жиналыстар, семинар сағаттар жоспарлауда. Біздің мақсатымыз: кейінгі ұрпаққа қуатты экономикасы мен берік рухани-адамгершілік негізі қалыптасқан мемлекетті қалдыру». Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктің жұмыстарын біз кітапханашылар қолдаймыз! Ашылып отырған барша орталықтардың жұмыстарына сәттілік тілейміз!

Дария СУЛТАНБЕКОВА,
Панфилов аудандық кітапханасының директоры.

«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ
Меншік иесі: **«БАҚ» ЖК**
Директор – **Дархан БЕЙСЕНБЕК**
Бас редактор – **Молот СОЛТАНАЕВ**
Бас редактордың орынбасары – **Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ**
Дизайнер – **Әділет МҰСАХАЕВ**

Газеттің эл.почтасы:
jar-aina@mail.ru

➢Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.
➢Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
➢Газет индексі - 65161
Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
➢Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
➢Газет Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кентіндегі «Принт плюс» баспаханасында басылды. Офсеттік басылым.
➢Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:
Алматы облысы,
Жаркент қаласы,
Е.Сыпатаев көшесі,
242 үй, 14 пәтер
Тел.: 8/705/412-78-48;
8/705/277-16-91;
8/777/971-57-67
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.
Тапсырыс: №3085